

ҰЛАН

6+

№41

(8712)
12 қазан 2021 жыл

Газет 1930 жылдың
14 наурызынан
шыға бастады



WWW.ULAN.KAZGAZETA.KZ

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТІ

• Баспасөзге жазылу-2021

ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕГІҢ КЕЛСЕ...

Құрметті ұстаздар мен ата-аналар! Сіздердің шәкірттеріңіздің, балаларыңыздың арасында өлең, әңгіме, ертегі жазатындар бар ма? Сурет салатындар ше? Ерекше өнерімен көпшіліктің көзайымына айналып жүрген балалар да бар шығар? Білім бәйгесінде топ жарып, олимпиадаларда, ғылыми жоба жарыстарында оза шауып жүрген шәкірттеріңіз болмауы мүмкін емес. Ендеше, сондай талапты да талантты балалар туралы «Ұлан» газетіне жазыңыздар. Балалардың салған суретін, жазған әңгіме-ертегілерін, өлеңдерін, жұмбақтары мен жаңылтпаштарын бізге жолдаңыздар. Оқушылар бірігіп, игі іс істеп жүрген шығар; Кітапқұмар балалар бар шығар; Ол туралы да басқаларға үлгі етіп неге жазбасқа?! Ендеше, **050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 300 және 322-кеңсеге** немесе prulan@mail.ru электронды поштасына хат жолдаңыздар.

Фейсбук әлеуметтік желісіндегі «Ұлан» ресми парақшасына ([Ulan gazetі](https://www.facebook.com/ulan.gazeti)),



Инстаграм желісіндегі **balamendana** парақшасына жазылыңыздар. Сондай-ақ, «Қазақ газеттері» серіктестігінің ulan.kazgazeta.kz сайтынан да «Ұлан» газетінде жарық көрген мақалаларды оқи аласыздар.

Бірден айтайық, мұның бәрін жариялау **ТЕГІН**. Ол үшін ешкімге, ешқандай ақы төлеудің қажеті жоқ. Тек қана балалар «Ұлан» газетіне жазылса болғаны. Сыныпқа ортақ бірнеше данаға да жазылуға да болады.

«Ұлан» газеті бөлшек саудада жоқ, тек жазылу арқылы тарайды. Балалардың жіберген материалдарының жарық көрген-көрмегенін тек жазылған балалар ғана көре алады. Сондай-ақ, газет бетіндегі түрлі конкурстар

туралы хабардар болу үшін де газетке жазылудың маңызы зор. Тіпті, балалар ештеңе жазбаған күннің өзінде, газет бетінде шет елдерде білім алу, стажировкадан өту, мамандық таңдауға қатысты көптеген пайдалы материал жарық көреді. Сондай-ақ жаңадан жазылып жатқан балаларға арналған әңгіме, ертегі, өлеңдерді, шетелдік аудармаларды оқиды. Газет аптасына бір рет, сейсенбі күні шығады.

Жылдық жазылу бағасы:
қалаларда – **2511 теңге 12 тиын;**
ауылдық жерлерде – **2890 теңге 56 тиын.**
Индекс: 65355
2900 теңгені төлеп, апта сайын газет алып отыруға болады.

Газетке жазылу үшін «Қазпоштаның» кез келген бөлімшесіне бару керек. Немесе kazgazeta.kz сайты арқылы онлайн жазылуға болады.

Кері байланыс орнату үшін Инстаграм, Фейсбук парақшаларына, prulan@mail.ru электронды поштасына хат жазуыңызға болады.

Алақай!

КҮН ЭНЕРГИЯСЫ АРҚЫЛЫ СУ ЖИНАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫҒА АВТОРЛЫҚ КҮӘЛІК АЛДЫ

Ақтау қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Ерлан Тұралы мен физика пәнінің мұғалімі Лизавета Хамитова бірлесе жасаған «Hydropanel» жобасы авторлық құқыққа ие болды. Қондырғы Маңғыстау облысындағы ауыз су қажеттілігін жоюға көмектесіп. Ол ауа температурасының күрт өзгерісінен су жинайды және күн панельдері арқылы электр энергиясын өндіреді. **«Біздің құрылғымыз қолжетімді жабдықтардан тұрады және күн энергиясын суға булану процесі арқылы айналдырады. Ауа ылғалдығы мен температура артқан сайын құрылғы суды көп өндіреді. Сынақ барысында құрылғымыздың суды жинай алатынына көз жеткіздік»,** – дейді жоба жетекшісі Лизавета Хамитова.

Оның айтуынша, қолдан жасалған құрылғы бір күнде жарты стақан суға дейін жинай алады. **– Әзірге тек құрылғының мини-прототипі жасалды. Егер оны шынайы жүзеге асыратын болса, жобаның құны 2 миллион теңге болады және күніне 10 литр су жинай алады,** – дейді жас зерттеуші Ерлан Тұралы.

Зерттеушілер жобаны екі жыл бойы жасақтап, толықтырып отырған. Ал өткен айдың басында жобаның авторлық құқығын қорғау мақсатында өтінім білдірген.

– Болашақта бұл құрылғыны үлкейтіп жасақтап, оны мектеп алаңына және қала көшелеріне қойғымыз келеді. Бұл көшеде шөлдеп келе жатқан тұрғындарға өте үлкен көмек болар еді. Сол үшін де авторлық құқық күәлігін алдық. Алдағы уақытта жобамызды патентке де ұсынып көреміз, – дейді зияткер.



WORLD ROBOT OLYMPIAD—2021 ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Назарбаев зияткерлік мектептерінде World Robot Olympiad—2021 олимпиадасында Қазақстанды таныстыру құқығын алған робототехника бойынша ұлттық чемпионаттың жеңімпаздары анықталды.

WRO—2021 байқауының басты тақырыбы – PowerBots, яғни қазіргі заманның ең жаһандық басымдықтарына арналған. «Жасыл экономиканың болашағын қалай құруға болады, жаңартылатын жаңа энергия көздерін қайдан аламыз, экологиялық жауапкершілікті қалай қалыптастырамыз?» деген сұрақтарға жауап іздеген робототехниктер жас ерекшелігіне байланысты Regular, Open, Future Engineers санаттарында сайысты.

WRO-ның ұлттық кезеңіне қырыққа жуық команда жиналды. Олардың әрқайсы өңірлік іріктеу турларында табысты өнер көрсеткен.

Негізгі кіші санатта Алматы қаласындағы «Ақниет» жеке бастауыш мектебінің MagicKids командасы жеңімпаз атанды. Команда құрамы – Кристина Киселёва, Марк Бирюков, Петр Мороз (бапкері – Олег Киселёв). Олар энергия тұтынуды азайтатын ақылды үйдің ең оңтайлы шешімін ұсынды.

Негізгі орта санатта чемпион титулын алматылық «Lessons. kz» оқу орталығының A and B командасы жеңіп алды. Арьяна Кадырова мен Бернар Бердалиев (жаттықтырушы – Әйгерім Еркебаева) жасаған роботтар олимпиадалық жылдамдықта гибрид және электромобильдерді зарядтауға арналған аккумуляторлар таратты.

Негізгі жоғары санатта командаларға жаңартылатын ресурстардан тұрғын үйлерді

электр энергиясымен жабдықтау, аккумуляторларда артық энергия сақтау міндеттері қойылды. Бұл санатта әдеттегідей Назарбаев зияткерлік мектептері өкілдеріне тең келер ешкім болған жоқ. Шыңғысбек Балғабай мен Альтаир Жамбыл (жаттықтырушысы – Ясынжан Шакан) бастаған Алматыдағы химия-биология бағытындағы NIS-тің Vector командасы ең үздік уақыт пен ең жақсы нәтиже көрсетті. Осы санаттағы жүлделі орынның барлығын зияткерлік мектеп оқушылары иеленді.



Елордалық физика-математика бағытындағы зияткерлік мектептің NG-PHOTOVIO командасы атынан Кадиясқан Амина Рахымбергенова, Алдияр Пазиров және Дәулет Мұханов (жаттықтырушысы – Бакытгүл Қажыкенова) аморфты балдырлар өсімдігінен биотын алу үшін жасанды интеллект қағидағтарын пайдаланатын робот құрастырды. Олар жоғары шығармашылық санаттағы жеңімпаз атанды.

Өз санаттарында үздік болған барлық команда 2021 жылдың қараша айында онлайн форматта өтетін WRO – 2021 әлемдік кезеңіне қатысу құқығын иеленді. Қазылар алқасы құрамына енген әлемдік робототехниканың танымал тұлғалары байқауға қауіптен қатысатын болады.

Өңірлік жарыстар мен WRO Ұлттық чемпионатын жыл сайын Қазақстандағы World Robot Olympiad ұлттық үйлестірушісі ретінде Назарбаев зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымы өткізеді.

– Олимпиадалар өзекті инженерлік-техникалық міндеттерді практикалық шешудің шығармашылық қабілеті мен дағдыларын дамытуға, ғылыми-техникалық қызметке қызығушылықты кеңейтуге, ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіптердің беделін арттыруға бағытталған, – дейді Назарбаев зияткерлік мектептері ДБҰ Ақпараттық технологиялар және қызмет орталығы директорының орынбасары Азамат Биданов.

World Robot Olympiad (WRO) – Дүниежүзілік робот олимпиадасы. Бұл 10 – 19 жас аралығындағы 6–11-сынып оқушыларына арналған байқау.



WeDo негізгі категориясында балалар шындыққа барынша жақын күрделі мәселелерді шешті. Командалар орман өрттерімен күресетін және адамдарды қауіпсіз жерге эвакуациялайтын роботтарды жасақтады. Кейін өртенген ағаштардың орнына жаңасын отырғызды. Бұл тапсырманы Орал қаласындағы Jaiq school робототехника және бағдарламалау мектебінің (жаттықтырушы – Есенғали Қайсар) Jaiq 3 командасынан шыққан Даниель Талғатов пен Ерасыл Хайдар өте жақсы орындады.

Кіші шығармашылық санатында Халықаралық робототехника академиясының LegoMozg командасынан Даужан Бекетов пен Кирилл Островский (жаттықтырушысы – Tom Noah) күн панелі мен жел турбинасын қамтитын ақылды электр станциясын жасады. Жаңартылатын энергия көздерінің тиімділігін арттыруға бағытталған жоба авторларына жеңіс әкелді.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Өмірде кітап оқудың адамға берері көп. Әр кітап бір-бір тәжірибелі ұстазға, адамның ақыл қалтасына ұқсайды. Кітап оқу – өмірде кәсіпке бой алдырмау үшін басқалардың тәжірибесімен танысу дегенді де білдіреді. Адамға таптырмайтын бірден-бір пайдалы дос – кітап. Білімді жанға қашанда жол ашық. Себебі білімді адам әрдайым халқына пайдасын тигізіп отырады.

Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы жаңа әдебиеттерге шолу жасаған едік. Қазір оқырманның сұранысына не жанр – психологиялық кітаптар. Кітапханамыз психологиялық, мотивациялық туындылармен толығып жатыр. Адам 20 күн бір нәрсені істей берсе, ол әдетке айналады дейді. Өзінді өзгертудің тәсілін ұсынған Бретт Бломонталь «Одна привычка в неделю» атты кітап ұсынады. Үш бөлімнен тұратын бұл шығарма сізге көмегін тигізеді анық.

«Шығыс байлық философиясы» сериясымен жарық көрген бірнеше кітап қорымызға келіп түсті. Бизнес



тәлімгер Саидмурод Давлатов табысты болудың жолдарын ұсынады. Тәжік елінің қаламгер авторы Давлатовтың кітаптары үлкен мотивация береді және көптеген пайдалы идея мен ой тудырады. Кітаптары тренинг форматында жазылған. Сондықтан автор сізбен жеке, жайбарақат сөйлесіп отырғандай әсер қалдырады. Ол тек қаржылық сауаттылық саласында көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге жұбайымен және балаларымен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Гарвард университетінің профессоры Стивен Пинкер – ғылыми зерттеулері мен еңбектері үшін түрлі марапат пен сыйлыққа ие болған әлемге танымал ғалым. Зерттеушінің «Тіл – инстинкт» деген кітабы қоғамда қызығушылық тудырғаны үшін Америка психология қауымдастығының және Америка лингвистика ұйымының сыйлығымен марапатталған. Бұл классикалық еңбек көпшілік ойындағы тілге қатысты сан түрлі сұраққа жауап береді. Зерттеуші тіл ғылымы саласындағы тіл мен сананың байланысы туралы соны жаңалықтар мен ғылыми органдың соңғы

жетістіктерін талдап, тілдің қызметі қалай жүзеге асатынын, баланың тілді қалай үйренетінін мысалдар арқылы егжей-тегжейлі түсіндіріп, нақты тұжырымдар жасайды. Оқулық жоғары оқу орындары студенттеріне, тіл біліміне және психологияға қызығушы көпшілікке арналған.

«Шабьт» баспасынан жарық көрген қалта кітаптарды назарларыңызға ұсынамыз. «Адамның басы бәлеге ұрынған кездегі ең жақсы қамал – адал достар» дейді Аристотель. Жаныңызға адал дос жинап, өзіңіз де дос болам десеңіз, бұл кітап сізге арналған. Әркімнің бойында бар осынау ерекше қабілетті қайтадан оятуға немесе одан әрі жетілдіруге жетелейтін «Анық қадам бас» атты жаңа қалта кітабы қорымызда. Кітапта жетістікке жетудің жолдарына қатысты ақыл-кеңестер беріледі.

XXI ғасыр – жаһандану мен жандану заманы. Білім мен ғылымға жол ашық. Қазір қоғам тіл білуге қызығушылық танытып отыр. Соның бірі – ағылшын тілін меңгеру. Оқырмандарымызға кітап қорымыз осы саладағы әдебиеттермен толығып жатқанын ескертеміз.

Лаура ЕРІКҚЫЗЫ, Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.

• Менің құқығым

„БАЛАЛЫҚ ШАҒЫН ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКІЗУГЕ ХАҚЫЛЫ“

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздегі әр бала мейірімге бөленіп, балалық шағын бақытты әрі қызықты өткізуге хақылы», – деген еді. Былғы Жолдауда балаларды зорлық пен киберқылмыстан сақтау кергін қадан айтты. Баланың қауіпсіздігі үшін қандай жұмыстар жасалып жатыр? Осыған тоқталайық...

АЛТЫ МЫҢ ОҚИҒАНЫҢ АЛДЫН АЛҒАН

Таяуда «Назар аударыңыз, балалар!» республикалық жедел алдын алу іс-шарасы аяқталды. Мақсаты – балаларды жол-көлік апатынан сақтау. Оқушылар сабаққа баратын жолда түрлі жағдай болады. Тәртіп сақшылары балақайларға заң талаптарын, көшеде жүріп-тұру ережесі мен бейтаныс адаммен сөйлеспеу кергін үйретті. 1-сынып оқушыларының жолдан дұрыс өтуіне көмектесті.

Шара Астанада «Біз жолда қауіпсіздікті қолдаймыз!» атты авто шерумен жалғасты. Апаттық жағдайдағы көліктер көшеде шеру жасады. Автобустарға апаттың алдын алуға шақыратын сөздері бар қағаздар ілінді.

Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметі бойынша, шара оң нәтижесін беріпті. Бала себеп болатын 16 мың жол-көлік оқиғасының алдын алған. Оның ішінде балаға арналған кресло пайдаланбау, жаяу жүргіншілер өткелінен өту ережесін бұзу бар.

Атырау облыстық Полиция департаменті шараны мектептермен бірге өткізді. Қауіпсіздікті нығайту мақсатында дабыл түймесін Құлсарыдағы он, Атыраудағы он жеті мектепке орнатқан. Мектеп пен білім беру орталықтарына бейнекамера қосылған. Облыстағы 148 мектеп турнирмен толық қамтылса, 49 мектепке жыл соңына дейін орнатылмақ. Сондай-ақ Полиция департаментінің ұсынысымен оқушының макеті облыс орталығындағы жолға қойылған. Оқушы бейнесі жаяу жүргіншілер жолына жақындаған жүргізушілердің көзіне түсіп, жылдамдықты асырмауына ой салады.

Алматының жалпы білім беретін мектептерінде «Жолда жүру ережелері» сабағы өтті. Оқушыларға жол ережесі жайлы бояу кітапшасы, буклет пен брошюралар берілді. Балалар велосипед пен самокат айдаудың ережесін біле бермейді. Ескертпе ретінде:

*Велосипедті 14 жасқа толғанда көшеге айдап шығасын.

*Самокатпен жаяу жүргіншілерге арналған жолақтан қатты айдап өтуге болмайды. Электрлі самокат болса, жол шеті мен тротуардан жүруге жол жоқ.

*Великті екі қолыңды бос жіберіп немесе рөлді ұстамай айдауға болмайды. Алдыңнан мысық, күшік шықса, рөлге не бола алмай жаракат алуың мүмкін.


*Ауыр жүкті великке арту дұрыс емес.

*Самокат қатты жүреді, адам көп жүретін жерде сүйреп өтсең, қоғамға құрмет көрсеткенің.

*Көлік оң жаққа бұрылатын болса, жарығын жағып, белгі береді. Көлікке жол беріп, өзін сонынан түскенің қауіпсіз. Кейде жүргізуші жол жиегінде тұрған баланы байқамай қалуы мүмкін.

80-нен аса тәртіп сақшысы қатысыпты.

«Тайга» сауда үйінің жанынан екі қыз бен екі жігіт көзге түседі. Қыздар көмелеттік жасқа толмаған. Ата-анасына құрбысының үйіне барып, сабаққа дайындалатынын айтқан. Өздері түнгі он екі жарымда көшеде серуендеп жүрген... Балалардың түн ішінде көше кезуіне ата-анасы кінәлі. Өйткені



«АНАСЫН ЖАУАПҚА ТARTУ КЕРЕК»

Шара аясында Солтүстік Қазақстан облысының полицейлері көмелетке толмаған балаларды кешкі бақылауға шықты.

Кейбір жеткіншектер үшін 14–18 жас ауыр өтеді. Ата-анасымен сөзге келіп үйден кетіп қалады, төбелеске барады...

Жағдайын алдын алу үшін көмелетке толмағандардың ісімен айналысатын инспектормен тығыз жұмыс істеуге болады. Олардың телефон нөмірлері мектепте, сынып жетекшісінде міндетті түрде болады. Түнгі бақылауға

баласының тәртібіне мән бермейді, бос уақытын қалай өткізетінін бақыламайды. Кейде ішімдік ішіп, баласына теріс тәрбие береді. Жағдай жасөспірімнің санасына кері әсер етіп, үйден кетіп қалуына себеп болады. Үйден себепсіз кеткен бала заң бұзуы мүмкін.

Тәртіп сақшылары таңғы уақытта балалардың көшеде жүруіне тыйым сала алмайды. Себепсіз тоқтатып, қалтасын тексере де алмайды. Тек кешкі 22.00-ден кейін жалғыз жүрсе, бақылауға алады. Себебін сұрап, хаттама толтырады. Құқық бұзса, шара қолданады. Кейде балалар топ болып төбелес



ұйымдастырады. Өкініштісі, оқиғаға ең алдымен мектеп инспекторы мен сынып жетекшісін айыптайды. Оларды тәртіптік жазаға тартады. Ал ата-аналар сырт қалады. Баланы бақылаусыз жіберген ата-аналар кінәлі. Сол үшін Қылмыстық Кодекстің 140-бабына өзгеріс енгізу қажет.

ҚЫЗДАР НЕГЕ ҮЙДЕН ҚАШУҒА ҚҰМАР?

Қызылорда облысында жыл басынан бері 60 жасөспірім жоғалыпты. Олардың елуі бір күнде табылса, қалған он балаға іздеу жарияланған.

Балалардың жоғалуына көбіне үйдегі жанжал себеп болады. Кейбірі туыстарына айтпай, жұмыс істеп жүреді. Енді бірі бұзықтық жасап, ата-анасынан қорқып, қашып кетеді. Ұлдарға карағанда қыздар үйден жиі қашады. Өскемендік 14 жастағы қыз анасымен сөзге келіп қалады. Ренжіп, үйден шығып кетеді. Құрбысы аяқталмаған ғимаратқа барып, ұйықтап қалады. Сол жерде орынан тұра алмай үш күн жатып қалады...

Қыздар тәртіп сақшыларымен бірге 50-ден астам ерікті шарқ ұрып іздейді. Қыз есін жиып, үйіне аман-есен оралады.

Баланың үйден қашуына кибербуллинг себеп болуы мүмкін. Мәселен, Алматы облысының полициясы бір ай бойы із-түзсіз жоғалған қызды тапты. Ол көмелеттік жасқа толмаған. Әлеуметтік желіде танысқан жігітпен кетіп қалған.

Иә, қыз бала нәзік жаратылыс. Олар сыйлық алғанды, өзін жақсы көргенді қалайды. Өкініштісі, үйде ондай жағдай бола бермейді. Қымбат сыйлыққа қызығып, жылуды сырттан іздейді. Әлеуметтік желі арқылы дос іздеп, сырласқысы келеді. Кейде бұл достықтың соңы жақсы аяқталмайды. Қызының жігіті бар екенін кеш білетін аналар көп...

Қыздар арасында «Тik-Tok», «Anime» сияқты әлеуметтік желінің беделі күшті Олар түрлі тапсырма беріп, оны орындауын талап етеді. Сөйтіп, әлсіз балалар кибербуллингтің

құрбаны болады. Желіде белгісіз адамдардың қорқытып, мазак етуіне тап болады.

Өкініштісі, біздің Конституциямызда кибербуллинг туралы ұғым жоқ. Адамға ақпараттық жүйе арқылы зорлық жасау ретінде қарастырады. Демек, Президент мәселені бекер көтерген жоқ.

Кейбір елдерде балаларды киберқорлықтан сақтайтын заң талаптары бар. Әлеуметтік желінің әкімдігіне хабарласып, қолданушының атына шағым айтады. Бұзақы аккаунт несін уақытша болса да бұғаттайды.

2000 жылы Childrens Online Privacy заңы қабылданыпты. Балаларды теріс пікір мен зорлықтан қорғайтын талаптары бар. Өкініштісі, біздің елде мұндай талап әлі жоқ.

Бала киберқылмыстың құрбаны болса, оған үлкен көмек керек. Өйткені бала тұзақтан өз бетімен шыға алмайды. Адамның бәріне ұнау мүмкін емес. Айтылған теріс пікірді жүрекке қабылдаудың қажеті жоқ.

Абзалы ата-ана баласының қандай сайтқа кіріп, кіммен сөйлесетінін бақылап отырғаны жөн. Мінезінің өзгергеніне де мән берген жөн. Егер киберқылмыстың құрбаны болса, kz-cert.kz, safekaznet.kz өтініш жазыды. 1400 нөмірлі Жедел желіге хабарласуға болады. Қатты ашуланып, баланы жазалаудың пайдасы жоқ.

Психологтар балаға көңіл бөліп, досындай сырлас болуға шақырады. Ал кибербуллингтің құрбаны болмас үшін интернетте оқып, өзі тарататын ақпаратқа мұқият болғаны жөн.

Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА





АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы, алғашқы қазақ әліппесінің авторы. Қазіргі балалардан «Ахмет Байтұрсынұлы кім?» деген сұраққа осындай жауап аламыз. Бірақ олар Ахмет өмір сүрген кезеңде ана тілін жарыққа шығарудың қандай қиын болғанын білмейді. Ахмет ағамыз 1913 жылдың өзінде «Қазақ жұртының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп жазғанына қарамастан, өмірге алғаш қазақ әліпбиін әкелді. Ендеше, Ахмет Байтұрсынұлы бұл қиын кезеңді қалай жеңіп шықты? Оның қазақ тарихындағы орны қандай? Саяси көзқарасы қандай болған?

Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі, ең алғашқы басылым – жалпы-ұлттық «Қазақ» газетінің бас редакторы, азаттық үшін күрескен «Алаш» партиясының мүшесі. Ахмет ағамыз біз ойлағандай тек тіл білімі саласында ғана емес, саясат саласында да елеулі еңбек еткен және осы жолда елі үшін құрбан болған жан.

Ол саясатқа 33 жасынан бет бұра бастайды. Бұл кезде ол патша үкіметінің қазақтарды жаппай қанау, озбырлық, мүмкіндерін шектеу сынды мәселелерге қарсы шығу мақсатында жазылған «Қарқаралы петициясы» авторларының бірі ретінде белгілі болды. Петицияға 14500 адам қол қойған болатын. Онда қазақтардың өзін-өзі басқаруы, сот, білім беру саласында қазақтардың мүддесін көздеу, бостандық, діни еркіндік,

қазақ жеріне орыстардың көшіп келуін тоқтату, газеттер шығарудағы еркіндік, қазақ тіліндегі баспаханна ашуға рұқсат беру талап етілген болатын. Бұл оқиғадан кейін патша үкіметі Ахмет Байтұрсынұлын үнемі жіті бақылауда ұстады. Сөйтіп, үш жылдан кейін Ахметтің саяси көзқарасынан сескенип, бүкіл қазақ халқына шулатуы мүмкін деген үреймен Қарқаралы абақтысына қамайды. Ал екі жылдан кейін оны халықтан алыстату мақсатында Орынборға жер аударды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1915 жылға дейін баспа беттеріне отаршылдыққа қарсы бірнеше мақала жариялаған болатын. Сол үшін патша үкіметі оған бірнеше рет айыппұл салып, үш рет қамауға алған.

Айта кететін жайт, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте қазақ зиялылары екі түрлі көзқараспен екі топқа бөлінген болатын.



Бірі – либерал-демократтар (патша үкіметінің айтқанын орындау арқылы халықты бейбіт жолмен аман алып қалу), екіншісі – революцияшылар-демократтар (бас көтеру арқылы патша үкіметінің саясатына қарсы шығу). Ахмет Байтұрсынұлы Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатұлы бастаған топтың құрамында болды. Оның қазақтардың қара жұмысқа алынуды туралы Жарлыққа байланысты: «Бірі – барса, алынған жігіттер қазаға, бейнетке аз ұшырайды, екіншісі – бармай қарсылық қылса, елге зор бүліншілік келеді» деген

пікірі халық саулығын бірінші орынға қойғанын дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы революцияшылар-демократтар тобының мүшесі Тұрар Рысқұловпен бірге сол кездегі Кеңес үкіметінің басшысы Владимир Ленинге қазақтардың өзін-өзі билеуге ұмтылысы жайлы ашық түрде сыни хат жолдайды. Тұрар Рысқұлов пен Ахмет Байтұрсынұлы екі бөлек топта болса да, көксерген мұраты бір – халық еркіндігі болғандықтан, қиын кезде жұдырықтай жұмыла білді. Ол кезде патша үкіметіне қарсы пікір білдіру, оған арнап тікелей сыни хат жазу өте қиын еді. Себебі олар өздеріне қарсы шыққандардың көзін аяусыз жойып отырды.

1929 жылы Алаш қозғалысының 43 қайраткерімен бірге Алматы абақтысына қамауға алынады. Келесі жылы Кеңес үкіметінің жарлығымен ату жазасына кесіледі. Бірақ бұл шешім бірнеше рет өзгереді. Жыл сайын түрме ауыстырып, жер аударумен жүргенде 1934 жылы қатты ауруға шалдығып, түрмеге әйелі мен баласын алдыртуға рұқсат алады. Осы жылы Ахмет таныстарының көмегімен отбасымен бірге мерзімінен бұрын босатылып,

Алматыға оралады. Бірақ, сонда да ол патша үкіметінің кесірінен тұрақты жұмысқа орналаса алмайды. Өмірі де ұзаққа созылмай, 1937 жылы 8 желтоқсанда қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілініп, ату жазасына кесіледі. Солай елі үшін отқа да, суға да түскен Ахмет Байтұрсынұлы мына өмірмен қош айтысады.

Ахмет Байтұрсынұлы қандай жолды ұстанса да, басты мақсаты қазаққа егемендік сыйлау болды. Осы жолда жаны таразыға түсіп тұрған сәттің өзінде де алғашқы әліппені келер ұрпаққа мұра етіп қалдырды, қара халықтың көзін ашу мақсатында баспа беттеріне мақала жазудан шаршамады. Қазіргі алаңсыз өмір – кешегі Ахмет Байтұрсынұлындай алып тұлғалардың еңбегінің жемісі. Қазақтың табанына қадалан тикенді өздерінің маңдайына қадаған зиялыларымыз бізге ерқашан қымбат. Ол кісілер туралы, олардың еңбектері туралы білмеу өзімізге сын. Сондықтан бұл тұрғыда барынша білімді болып, білгенімізді таратайық. Халық қазақ зиялыларының ерен еңбегін білуге тиіс.

Аяулым АБАЕВА,
«Уланның» жас тілшісі.

МЕКТЕП АШҚАН АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ

Мектеп табалдырығын аттаған әр жан үшін Ыбырай Алтынсарин – алып тұлға. Қазақ даласында алғаш мектеп ашып, ұстаздық еткен Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толып отыр. Өз өмірін ағарту ісіне арнап, балаларды білім нәрімен сусындатуды мақсат еткен халық жанашыры ел есіне мәңгілік сақталатыны айдан анық.

Ыбырай Алтынсарин – тұңғыш аудармашы, жазушы, ақын, ағартушы-ұстаз, тұңғыш оқулық авторы, тұңғыш мектеп ашушы, балалар әдебиетінің негізін салушы. Ресми деректер бойынша, ол 1841 жылы 20 қазан күні Қостанай облысының Затобол ауданында туып, 1889 жылы 17 шілдеде Тобыл өзенінің жағасындағы үйінде дүниеден өткен. Әкесінен ерте айырылып, атасы Байғожа бидің қолында тәрбиеленеді. Ыбырай Алтынсарин атасының қалауымен Орынбордағы орыс-қазақ мектебін бітіреді. Ол араб, орыс, татар тілдерін жетік меңгерді. Досы В.Григорьевтың кітапханасынан білімін



толықтыра түсті. Қарапайым және еңбексүйгіш қасиеті оны халқына қызмет етуге итермеледі.

Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында мектеп ашып, балаларды білім нәрімен сусындатуға қатты асықты. 1860 жылы ол Торғайда мектеп ашуды тапсырып, өзі сол мектепке орыс тілі пәнінің мұғалімі болып сайланады. Алайда көптеген кедергіге байланысты бұл өте ұзаққа созылады. Нәтижесінде 1864 жылы Ыбырай Алтынсарин өзінің алғашқы мектебін ашты.

Бұл туралы ол Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы (1864 жылы) январьдың 8-і күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айы-зымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды», – деп өзінің қуанышты жаңалығын жеткізеді. Халық болашағына

қатты алаңдап, оның шешімі білім екеніне көзі жеткен Ыбырай Алтынсарин алдына қойған арман-мақсаттарынан түрлі кедергіге қарамастан ешқашан бас тартпаған. Әрі ол бастауыш сынып оқушыларына білім беру арқылы баланың бойында адамгершілік, адалдық, жауапкершілік пен елге деген махаббаттың қалыптасуына үлкен септігін тигізетініне көзі жеткен. Оқушының осындай болуы үшін мұғалім қашанда жан-ашыр, мейірімді, білім-білігі жоғары болуы керек. Ыбырай Алтынсарин осы тұста өзінің идеяларын жетік қолдана білді.

Ыбырай – қазақ даласында мектеп ашқан алғашқы ұстаз ғана емес, ол сонымен бірге балаларға арнап кітаптар жазған. Соның бірі – «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы. Ол ең алғаш 1879 жылы жарық көрді. Бұл кітапта «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері бар. Осы арқылы автор білім жоғалмайтын байлық екенін, оның қашанда адам баласы үшін маңызын жеткізуге тырысты.

«Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді,

Қараңғыны қармалап», – деп балаларды білімге, оқуға шақырды, әрі ел жадында қалыптасқан соқыр сенімге соққы берді. Ыбырай елім деп еміренген ерлердің бірі болды. Бар ғұмырын қазақтың болашағына, ұрпақтың саналы болуына жұмсады.

Қазір елімізде Ыбырай Алтынсарин атында институт, академия, оқушылар сарайы, көшелер, мектептер мен ескерткіштер бар. Ұлт ұстазының ізін кейінгі ұрпақ жалғастырып жатыр. Осы негізде оның адамгершілік, патриоттық тәрбие, еңбекқорлық, қоғамға пайдалы болу идеялары ерекше көмектесіп жатыр.

Арайлым УӘЛИХАН,
Шетпе гимназиясының
10-сынып оқушысы.
Маңғыстау облысы

«WATERMAN» СЫЙЛЫҒЫН АЛҒАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ

Жуырда Англияның Лидс қаласында XX пианистер байқауы өтті. Отандасымыз Әлім Бейсембаев сол сайыста топ жарды. Жеңімпаз «Waterman» алтын медалі мен 25000 фунт стерлинг сыйақыға ие болды. Оған қоса, Warner Classics компаниясы ұйымдастырған дауыс жазуға және Steinway & Sons тарапынан еуро тур жасауға мүмкіндік алды. Әлім XX–XXI ғасырлардағы үздік туындыларды жақсы орындағаны үшін берілетін Ливерпульдегі корольдік филармония қауымдастығының марапаты мен medici.tv нұсқасы бойынша көрермен көз-айымы сыйлығына ие болды. Әлім мырзаны шын жүректен құттықтап, әңгімеге тартқан едік.

– Музыка саласындағы жолыңыз қалай басталды?

– Музыкалық аспапта ойнауды бес жасымнан бастадым. Бірде ата-анам мені ойыншықтар дүкеніне апарып, кез келген нәрсені таңдауыма мүмкіндік берді. Мен кішкентай ойыншық фортепианоны таңдадым. Сол күннен бері бұл аспап өмірімнің бір бөлшегіне айналды.

К.Байсейітова атындағы мектепте, Жания Әубәкірованың музыка мектебінде оқыдым. Мәскеуде Орталық музыка мектебіне бардым. 12 жасымнан бастап Лондондағы Пурселл мектебінде оқыдым. Қазір Лондондағы Корольдік колледжде магистратурада оқимын.

– Бала күніңізде қатысқан ең ерекше байқау есіңізде ме?

– Қатысқан байқаулардың бәрі есімде. Бала кезімде жарыстарға қатысқаннан гөрі өнер көрсеткен ұнайтын, әлі күнге дейін солай. Кішкентай кезімде мен үшін ең үлкен жетістіктің бірі – Мәскеуде өткен «Щелкунчик» халықаралық телевизиялық байқауының бірінші жүлдесі.

– Музыкадан алған ең жарқын әсер...

– Музыка мен әсер егіз, онда сіз күн сайын көптеген жаңа нәрсе табасыз. Біз күн сайын өсіп келе жатқанымыз сияқты, өнердегі түсінігіміз де артады. Кәсіби тұрғыдан алғанда, жеті жасымда Алматыда оркестрде ойнағанды ұнататынымын.

– Фортепианошылар арасында кумирлеріңіз бар ма?

– Андраш Шифф, Даниил Трифонов, Марта Аргерих секілді пианистер шабыт береді. Сонымен қатар XX ғасырдың ұлы тұлғалары Рубинштейн мен Хоровит те ерекше.

– Қойылым кезінде қолыңыз бен нығыңыз шаршай ма? Музыканттардың кәсіби аурулары бар ма?

– Қазірге дейін ешқандай мәселе болған емес. Көп адамда проблема кездеседі, себебі олар аспапта көп уақыт ойнайды. Бұл мамандық табандылықты қажет етеді, сонымен қатар шекті білу керек. Мен әдетте кестеге байланысты күніне 3 – 5 сағат жұмыс істеймін.

– Болашақта пианист болғысы келетін жас бүлдіршіндерге қандай кеңес берер едіңіз?



– Көп нәрсе тыңдауға, көкжиегіңізді кеңейтуге және бұл кәсіпті жақсы көруге кеңес берер едім. Әрине, біраз дүние кішкентай кездегі ата-ана мен мұғалімнің ықпалына байланысты.

– Алдағы уақытқа қандай жоспарларыңыз бар?

– Жаңа менеджмент компаниямен келесі жылға концерттерді мұқият жоспарлап жатырмыз. Еуропада және Кореяда турлар болады, бұған өте қуаныштымын.

– Пандемия сіздің мамандығыңызға (жұмысыңызға) қалай әсер етті?

– Музыка әлемі пандемиядан үлкен соққы алды. Әртүрлі маңызды концерттер мен байқауларға дайындалған біз секілді студенттер үмітін үзді. Ал көптеген кәсіби музыкант концертсіз, жұмыссыз отырды. Мұның бәрі аяқталып, енді бәрі тек алға жылжиды деп сенемін!

– Уақыт тауып сұқбат бергеніңізге рақмет.

Әңгімелескен
Гүлжан НИЯЗОВА,
Қ.А.Ясауи атындағы
ХҚТУ-дың 2-курс студенті.
Түркістан облысы

ТӘУЕЛСІЗ БОЛУДЫ ҮЙРЕТКЕН Q-POP

Ұлтымыздың тілі мен мәдениетін әлемдік нарыққа шығару үшін көптеген шаруа атқарылып жатыр. 2015 жылы елімізде Q-POP стилінің шығуы да біраз затты өзгертті.

Q-POP немесе Qazaq pop – қазақ тіліндегі музыкаларды жаңғырту мақсатында батыстық хип-хоп элементтерін бойына сіңірген музыкалық субмәдениет. 2015 жылы Ninety one тобының шығуы елді дүр сілкіндірді десе де болады. Бірі олардың сахналық образына сын айтса, енді бірі корей стилін қайталады деп қысым жасады. Бірақ топ мүшелері эмоционалды тұрғыда мықты екенін дәлелдей алды.

Байқап отырсақ, 2015–2016 жылға дейін жастар тындайтын заманауи қазақ музыкасы өте аз болды. Барлығы ересектерге арналған тым саликалы әндер еді. Әрине, біздің бұған еш қарсылығымыз жоқ, керісінше, ондай әндердің болуы қазақ рухын көтереді. Алайда, елімізді дамыған елдердің қатарына қосу жастардың қолында деп жатамыз. Бірақ жастар тындайтын қазақша музыка мен мәдениет болмаса, не болмақ? Бұл тұрғыда Q-POP стилі өте жақсы жұмыс істеп жатыр.

Біз рәп тек ағылшынша немесе басқа тілдерде болуына үйреніп қалғанбыз. Енді қазақша рәп те басқа елдерден кем емес екеніне көз жеткіздік.

«91» тобына ұқсас қазақша ән жазатын топтар мен жеке әншілер санының жыл санап көбеюі елімізді біраз жұртқа танытып жатыр. Шетелдіктердің біразы қазақ халқы әлі де жайлауда, киіз үйде тұрады деп ойлайды. Алайда қазақ жастарының қандай талантты екенін көрсететін бейнебаяндар мен ырғақты әндер бұл ойды өзгерткендей. Корей және ағылшын тілінде сөйлейтін қауым YouTube желісінде «91» тобының бейнебаяндарына әсерін білдіріп жатады. Тіпті әлемдегі ең танымал әрі ірі жаңалық таратушы BBC News ұйымының қазақ музыкасы жайлы жазуы үлкен нәтиже деп есептеймін.

Ересектердің ойынша, бұл стильдегі өлеңдер мағынасыз. Ал «91»-дің өлең сөздері бізге арналған. Мысалы, WHY'M



өлеңінде уайымсыз өмір сүру керектігі жайлы айтылған. Жастарға қандай жағдай болса да мойымаңдар деп күш береді. Ал «жеті миллиард – бір бүтін ел» дейтін BARI BILED шығармасында табиғатты сақтау мәселесі көтерілген. Жалпы, қазақ эстрадасында ғаламдық мәселелерді көтерген туындылар саны өте аз.

Ал орындаушылардың образы жайлы айтсақ, бұл – өнер, бұл – сахна. Өнер мен сахна болғандықтан өзгеше образдардың болуы айып емес. Қызығушылық болса, неге істемеске? Түр-келбет пен киім жағынан барынша тәуелсіз болғанымыз жақсы деп ойлаймын.

Қазақ тілін брендке айналдырған Q-POP стилі бізге көп нәтиже алып келді. Меніңше, қазақ музыкасы әлемдік сахнаға шыға алады, біздің қолымыздан келеді. Бұл іске жастар үлес қоса білсе, тіліміз бен мәдениетімізді болашақта ұмытылмайтындай деңгейге жеткізе аламыз.

Дильназ ШАЙМУРАТОВА,
№45 мектептің
10 «Б» сынып оқушысы.
Өскемен қаласы



• Кім болам?

КОЛЛЕДЖДЕ ОҚЫП, КІМ БОЛАСЫҢ?

9-сыныпты бітірген оқушылардың көпшілігі колледжге түсуді дұрыс көріп жатады. Бірі алдын ала жоспарлаған болса, ал бірі 11-сыныпқа қалғысы келмейтіндіктен колледжге түскісі келетіні анық. Колледжге түскісі келгенмен, нақты қандай колледжге түскісі келетінін, тіпті кім болатынын білмей жүрген түлектерді де жиі кездестіріп жатамыз. Түлектердің көпшілігі мұғалімдік немесе дәрігерлік бағытты таңдап жатады. Неліктен? Біріншіден, осы мамандықтарға грант саны көп деп ойлайды. Екіншіден, сұранысқа ие, болашақта жұмыссыз қалмаймын деген стереотип бар. Үшіншіден, өзге де сұранысқа ие мамандықтар бар екенінен бейхабар.

Мамандықты таңдау барысында грант санына ғана назар аударатын түлектерге айтарым, «ол іспен болашақта айналыса аламын ба?» деген сұраққа нақты жауапты тапқаннан кейін ғана тапсырғаныңыз жөн болар. Себебі алтыңа бергісіз үш-төрт жылдыңызды бостан-босқа өткізіп алуыңыз мүмкін. «Осы мамандықты таңдасам, болашақта жұмыссыз қалмаймын» деген стереотиптен арылатын уақыт келді деп ойламайсыз ба? Қандай істе болсын өз ісіңіздің шебері болсаңыз, «жұмыссыз қалып қалмаймын ба?» деген қорқыныштың ауылы алыс.

Ал үшінші мәселе бойынша колледж аралап Алматы қаласындағы ілгері колледждердің бірі – Орталық Азия техника-экономикалық колледжіне барып, мұнда оқытатын мамандықтар жайлы нақты ақпарат біліп қайттық. Болашақ жас түлек, мүмкін сіз іздеген колледж осы шығар?! ОАТЭК-тың сексен жылдық тарихы бар. Осы уақытқа дейін халықаралық, республикалық деңгейдегі конкурстар мен түрлі олимпиадалардан, жоба қорғау жұмыстарынан жүлделі орындарды иеленіп, көш бас-тап тұрған колледждің бірі. Грант саны жыл сайын өзгеріп отырады. Биыл мемлекеттік тапсырыс бойынша 150 грант бөлінген.

Колледждегі сұранысқа ие мамандықтың бірі – бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы, яғни осы мамандыққа грант көбірек бөлінеді. Ақылы оқытындардың таңдауы да осы мамандыққа көп түседі екен.



Биыл колледжге түсушілердің саны – 303. Жалпы 955 студент білім алады. Осы уақытқа дейін колледжге түсу үшін арнайы емтихандардан өтіп, тест тапсыру керек болған болса, биылдан бастап заң бар. Түлек ешқандай емтихан да, тест те тапсырмастан, тек қана аттестатты көрсету арқылы колледжге қабылданған. Сондай-ақ түлектерге 4 түрлі мамандықты таңдауға рұқсат етілген.

Колледжде теория мен практиканы қатар ұштастыруға көп көңіл бөлінеді. Оқу орны қаланың орталығында орналасқан. 11-сыныпты бітірген түлектерден ҰБТ сертификатын талап етпейді. Университетке түсе алмаған жағдайда аттестатыңызды көрсету арқылы колледжге қабылдана аласыз. Бастысы, мамандықсыз қалмайсыз. 9-сыныпты бітіріп колледжге түсіп жатқан түлектер 1-курсқа қабылдана, 11-сыныпты бітіргендер бірден 2-курс студенті атанады. 9-сыныптан кейін түскен түлектер 3 жыл 6 ай/10 ай білім аласа, 11-сыныпты бітіріп келген түлектер 2 жыл 6 ай/10 ай оқиды. Сонымен қатар, колледж студенттердің қызығушылығына да баса назар аударады. Студенттерге арнап арнайы тегін үйірмелер ашылған. Мәселен, көркем сөз оқу, театр үйірмесі бар. Экологиялық клуб, «Жасыл ел» сияқты бағдарламалар да қарастырылған.

Гранттан қандай жағдайда айырылып қалуыңыз мүмкін? Бұл көпшілікті алаңдататын сұрақ болғандықтан, жауабын білуге біз де асықтық. Сабақтан жиі қалсаңыз; үй тапсырмасын уақытында орындамасаңыз;

Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығын бітіріп шықсаңыз, кез келген компанияда, сайттарда жұмыс істей аласыз.

Басты мақсатыңыз – бағдарлама мен ұялы телефонға арналған қосымша жасап шығару болмақ. Қазір программалау тілі дамып, жаңалары пайда болып жатыр. Осы бағдарламалау пәнін игеру барысында бағдарлама тілдерін үйреніп қана қоймай, кодтың сапасы мен дұрыстығын ажыратуды үйренесіз. Бұл – сұранысқа ие мамандықтың бірі. Соған қарамастан, бұл мамандық Алматы қаласының өзінде 6 колледжде ғана оқытылады. Білікті ұстаз әрқашан білікті маман тәрбиелейді. Колледжде тек студенттер ғана емес, сонымен қатар ұстаздар да түрлі олимпиадалар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр. Мысалы, 2021 жылы Алматы қаласы колледждеріндегі педагог-программистердің арасында өткен олимпиададан колледждің оқу ісі бойынша орынбасары Наталья Николаевна гран-при иеленіп, «Үздік педагог-программист-2021» атағын жеңіп алыпты. Робототехника, электроника және телекоммуникация мамандығы Қазақстан үшін қазір де, болашақта да қажет.

- 1) Есептеу техникасы және ақпараттық желілер;
- 2) Бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 3) Есеп және аудит;
- 4) Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері;
- 5) Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар;
- 6) Робототехника және ендірілген жүйелер.

вирусты кіргізе де, оны жоя да алатын боласыз. Сондай-ақ ақпаратты пайдалану барысында сайтқа рұқсатсыз кірудің, бұрмалаудың, өзгертудің, зерттеудің, жазудың немесе жоюдың алдын алу практикасынан өте аласыз. Ақпаратты қауіпсіздікте ұстау да қолыңыздан келетін болады. Керемет емес пе?! Есеп және аудит мамандығы бухгалтериямен байланысты. Оқу уақыты 2 жыл 9 айға созылады. Биыл, өкінішке қарай, бұл мамандыққа студенттер жинала қоймапты. 4-курсқа келіп дипломдық жұмысыңызды қорғайтын сәт туған кезде жетекшіңізбен біріге отырып, болашақта қажет болады-ау деген бағдарлама, жоба жасап шығасыз. Студенттердің дипломдық жұмысын қағаз күйінде ғана емес, әртүрлі жобалар ұсынуына қарап та қабылдайды. Себебі студенттер жұмыстарын болашақта портфолио түрінде де пайдалануына болады.

Достар, мамандық таңдар кезде осындай деректерді біле жүргеніңіз абзал деп ойлаймын. Мектеппен қоштасарда «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп кез келген мамандыққа түсе салудан аулақ болыңыздар.

(Материал жазуда нақты ақпаратпен қамтамасыз еткен Орталық Азия техника-экономикалық колледжі директорының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Ақнұр Жақыпқызына алғысымды білдіремін).

Айжан ДАЙРАБАЙ,
«Ұлан» газетінің жас тілшісі.



• Сен білесің бе?

Балалар әдетте ақшаны копилкаға салып жинайтын. 16 жасқа толғаннан кейін ғана жинақ шотын ашып, банк картасына ие болатын. Ал пандемия уақытында қолма-қол ақшаны пайдалану вирус таратуы мүмкін болғандықтан, дүниежүзіндегі банктер балаларға да карта ашып, соны пайдалануды ұсынды. Бұл үрдіс біздің елімізде қандай? Балалар қанша жастан бастап өз шоты мен банк картасын пайдалана алады? Оның жауабын бірге білейік.

Jusan Bank – 5–16 жастан, «Сбербанк» – 6–14 жастан, «ЦентрКредит» – 6–18 жастан, Halyk Bank – 6–18 жастан, ал Kaspi Bank 10–16 жастан балаларға арнап төлем картасын ашуға рұқсат береді. Карта арқылы балалар жинағын басқаруына болады. Ата-ана шығынды бақылап, қажет болған жағдайда ұсыныс бере алады.

ақша аударымын алып, Kaspi-дің басқа клиентіне ақша аудару алады. Балаға арналған Kaspi Gold ата-анасының Kaspi Gold картасына қосымша карта ретінде рәсімделеді. Сіз өз Kaspi.kz мобильді қосымшанызда балаңыз қанша ақша жұмсағанын, аударғанын қадағалап, интернетте зат сатып алуға рұқсатын басқара аласыз,

Балаларға банк картасының қажеттігі, оны пайдаланудың артықшылығы туралы қаржыгер Дәулет Мұқаев былай дейді: «Балаларға арналған банк картасы керек, себебі қазірден бастап балаларға қаржылық сауаттылықты үйретуіміз қажет. Карта ұстау – заманның талабы. Балалар өскен кезде қолма-қол ақша мүлде



БАЛАҢЫЗ БЮДЖЕТІН ЖОСПАРЛАЙ АЛСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Аталған банктерде карта ашу көп уақытты алмайды. Оған ата-ана мен баланың жеке басын дәлелдейтін құжаттар жеткілікті.

Jusan bank балаларға арналған банк картасын ата-ананың шотына қосымша ретінде ашады. Шот ата-ананың, карта баланың атына тіркеледі. Балалар картасын шығару ата-анада/қамқоршыда мультивалюталық карта болған кезде ғана жүзеге асырылады. Ата-аналардың балалар картасы бойынша лимиттерді басқару мүмкіндігі бар. Мысалы, интернет желісінен тауарлар сатып алуы қадағалай алады.

Балалар картасына мобильді қосымша арқылы тапсырыс беруге болады. Егер сізде қолданыстағы мультивалюталық карта бар болса, Балалар картасына мобильді қосымшада «Картаға немесе өнімге тапсырыс беру» бөлімінде > «Jusan Junior» (Балалар картасы) таңдау > дизайн таңдау және әрі қарай қажетті жолдарды толтырып, ыңғайлы жеткізу орнын таңдау арқылы тапсырыс бере аласыз. Jusan bank мультивалюталық картасы болмаса, ең алдымен Jusan рау мультивалюталық картасына тапсырыс беріп, сосын мобильді қосымшадан Балалар картасын шығару керек.

Балалар картаны жасатқанда «Jusan Junior» жеке мобильді қосымшасы мен Ата-ана тапсырмаларын орындағаны үшін балл жинай алады. Телефонға бірлік салумен қатар жолақысын төлеуге де қолайлы.

Балаға арналған Kaspi Gold – Kaspi банктің балалар үшін арнайы жасаған картасы. Kaspi Gold-пен балаңыз дүкенде, интернетте зат сатып ала алады, сондай-ақ кез келген банкоматтан ақша алуына болады. Балаға арналған картаны ата-анасының біреуі не қамқоршысы өзінің мобильді қосымшасында рәсімдеп алады. Содан кейін Kaspi қартоматтан ала алады. Балаңыз Kaspi.kz мобильді қосымшасында бірден



картаны бұғаттауыңызға да болады. Балаңыз сатып алған заттың ақысын Kaspi Gold картасынан төлеп, бонус жинай алады. Жұмсалған соманың 0,5%-ы әрдайым бонус түрінде есептеледі. Балаңыз Kaspi Gold-пен ұялы телефонның, көліктің, билет құны мен ойынның ақысын комиссиясыз төлей алады. 10–16 жастағы балаңызға Kaspi Gold картасын өз Kaspi.kz қосымшаның арқылы ашыра аласыз. Балаңыздың картасы сіздің Kaspi Gold-ыңызға қосымша карта болады. 16 жастан бастап балаңыз өз бетінше Kaspi.kz мобильді қосымшасында Kaspi Gold аштыра алады.

Halyk Easy балалар картасы – 6–16 жас аралығындағы балаларға арналған Halyk bank өнімі. Картаны алу үшін жеке куәлік, баланың туу туралы куәлігі керек. 6-дан 16 жасқа дейінгі баланың жеке куәлін тіркеп, карта 3-7 күн ішінде дайын болғанда банк бөлімшесіне барып ата-ана ала алады. Halyk Easy картасы иесінің (ата-анасы немесе жақын туыстары) негізгі шотына қосымша карта аясында шығарылады.

Енді балаңыздың күнделікті шығынына алаңдамайсыз, Halyk Easy картасына кез келген соманы оңай аудару аласыз. Енді балаға қолма-қол ақша ұстаудың қажеті жоқ. Сондай-ақ, Halyk Homebank қосымшасында картаның шығыны туралы ақпаратты көре аласыз.

болмауы мүмкін. Барлығын картада ұстауға ыңғайлы. Балаларымыздың қаржылық сауатты арттыру барысында банк картасын ұстағанын қолдаймын. Сәйкесінше, банктер де лимит қойып жатыр. Мысалы, айына 10 мың, 30 мың тенге ғана. Бұл дұрыс. Себебі көп ақша болса, балалар бәрін жаратып тастауы мүмкін. Сондықтан балалар асханаларға, шағын дүкендерге кірген кезде өзіне керекті заттың ақысын картамен төлеуі керек. Бұл бір жағынан қауіпсіздік мақсатында да дұрыс, баланың қолындағы ақшасы жоғалып қалмайды. Болмаса бұзақылар қағаз ақшаны тартып алмайды дегендей артықшылығы бар».

Дебет карталар балаларыңызға қарталардың қауіпсіздігі мен оны қолданудың қауіпсіздігі туралы қаржылық білім беруге мүмкіндік береді. Оларды банк ақпаратын, карта нөмірлері мен ПИН кодтарды құпия сақтауға үйретініз. Әлеуметтік желілерде ешқандай дебет картаның суреттерін жарияламау керек. Егер суреттерді интернетке жүктесе, баланың картасынан ақша ұрлануы өбден мүмкін. Картаны жасатқанда осындай ескертуді айтуды ұмытпаған жөн.

Балаға кейде қолма-қол ақша керек болуы мүмкін. Сонда өз картасын банкоматқа салу арқылы ақша ала алады.

Бірақ шексіз транзакциялар шотыңыздан шексіз ақша алуы білдірмейді. Қолма-қол ақшаны алудың алдында балалардың банкоматтардан қолма-қол ақшаны алудың күнделікті лимиті туралы хабардар екеніне көз жеткізіңіз. Себебі кейбір банктер арнайы лимит қояды.

КАРТА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Төлеу. Картамен төлеу қолма-қол ақшадан гөрі оңай және жылдам. Ақшаны қайта есептеп, қалғанын күтудің қажеті жоқ. Сатушы қайтарыма ақша таппай қалады деп уайымдамайсыз. Егер сатып алуға ақша жетпесе, жақындарыңыз жетпеген соманы кез келген уақытта картаға аудару алады.

Сақтау. Бұрын ақшаныңды арнайы әртүрлі ақша жинағышта сақтасңыз, енді тек картаның өзінде де сақтауға болады. Картаға сақтасңыз ақша жинайтын «копилка» сатып алмауға болады.

Бонустар алыңыз. Картамен төлеу кезінде олар әртүрлі көлемде бонустар береді. Мысалы, сатып алғаныңыз үшін ұпай жинай аласыз. Содан кейін оларды сыйлыққа айырбастауға болады. Оны телефоныңызға бірлік ретінде, жолақысын төлеуге қолдануға болады. Бонустық бағдарламалар туралы банктің ресми сайтынан немесе мобильді қосымшасынан білуге болады.

Алайда картаны барлық жерде қабылдамайтынын есте ұстаған жөн. Шағын дүкендер сізден қолма-қол ақша төлеуіңізді сұрауы мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда қолыңызда қолма-қол ақша болғаны жөн.

БАСПАНАЛЫ БАЛА БОЛ

Көбіміз жеке үйіміз болса деп армандаймыз. Бірақ үйді тек үлкендер ғана алатын сияқты көрінеді. Мектеп бітіргенше өз үйің болғанын қаласаң, мақаланың осы тұсын түсініп оқып алғаның жөн. Otbasu bank-те «Арнау» депозиті бар екенін білесің бе? Бұл – сенің болашағың үшін тамаша шешім, өйткені

көмелеттік жасқа толғаннан кейін ең төменгі пайызбен баспана сатып алу мүмкіндігі беріледі. Әдеттегі депозитте ең төменгі несие мөлшерлемесі 3,5% болса, «Арнау» бойынша жылдық мөлшерлемесі – 2%. Депозитті қазірден бастап ашып, мүмкіндігінше ақша салып, мектеп бітіргенге дейін бастапқы жарнаны жинап қоюға болады. «Арнау» депозитінің шарттары: Кем дегенде 10 жылға ашылады.

Бастапқы жарна – болашақ тұрғын үй құнының 50%-ы. Несиелеу мөлшерлемесі – 2%. Ата-ана баланың депозитінде ақша жинақтаған кезде банктің жылдық 2% мөлшеріндегі сыйақысы және Мемлекеттің жыл сайынғы 20% мөлшеріндегі сыйлықақысы (200 АЕК-тен аспайтын сомаға есептеледі) қосылады. 18 жасқа толғаннан кейін балаңыз төмен пайыздық мөлшерлеменен несие алуға мүмкіндігі болуы өз алдына,

Бонустар алыңыз. Картамен төлеу кезінде олар әртүрлі көлемде бонустар береді. Мысалы, сатып алғаныңыз үшін ұпай жинай аласыз. Содан кейін оларды сыйлыққа айырбастауға болады. Оны телефоныңызға бірлік ретінде, жолақысын төлеуге қолдануға болады. Бонустық бағдарламалар туралы банктің ресми сайтынан немесе мобильді қосымшасынан білуге болады. Алайда картаны барлық жерде қабылдамайтынын есте ұстаған жөн. Шағын дүкендер сізден қолма-қол ақша төлеуіңізді сұрауы мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда қолыңызда қолма-қол ақша болғаны жөн. Алайда картаны барлық жерде қабылдамайтынын есте ұстаған жөн. Шағын дүкендер сізден қолма-қол ақша төлеуіңізді сұрауы мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда қолыңызда қолма-қол ақша болғаны жөн. Алайда картаны барлық жерде қабылдамайтынын есте ұстаған жөн. Шағын дүкендер сізден қолма-қол ақша төлеуіңізді сұрауы мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда қолыңызда қолма-қол ақша болғаны жөн. Алайда картаны барлық жерде қабылдамайтынын есте ұстаған жөн. Шағын дүкендер сізден қолма-қол ақша төлеуіңізді сұрауы мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда қолыңызда қолма-қол ақша болғаны жөн. Алайда картаны барлық жерде қабылдамайтынын есте ұстаған жөн. Шағын дүкендер сізден қолма-қол ақша төлеуіңізді сұрауы мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда қолыңызда қолма-қол ақша болғаны жөн.

АЛМАТЫДА БІРІНШІ БАРУҒА ТҮІС ОРЫНДАР

Бір ай бұрын «Egemen Qazaqstan» мен «Казахстанская правда» газеттеріндегі әріптестер «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнап «Атамекен» ақпараттық-танымдық экспедициясын ұйымдастырған болатын. Еліміздің солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс аймағын түгел қамтып, туристік орындарды кеңінен таныстырды. Өткен аптада тәуелсіздігіміз тұғырға қонған Алматы қаласында экспедиция сапары аяқталды. Экспедицияға қатысқан алматылық журналистер Тәуелсіздік монументі алдына гүл шоғын қойып, тағзым етті.

Экспедиция басталғанда аға басылымдардағы әріптестерімізге қызыға қарағанбыз. Бұл жолы өзіміз де сол топқа еніп, Алматының туристік орындарын аралап шығудың орайы түсті.

Бір топ журналист шағын автобуска отырып, қала көшелерін шарлап барамыз. Алматы Мәдениет басқармасынан бекітілген кәсіби гид, экскурсия жетекшісі Айдын Ақыш ә дегеннен қала тарихын қызықты етіп баяндай бастады. Жүріп өткен әрбір көшені қалтарыста қалдырмай, олар туралы мәліметтер айтып келеді. «Бұрын Сейфуллин Алматыдағы ең ұзын көше (11060 метр) болатын. Қазір ең ұзын көше – Рыскулов», – деді Сейфуллин даңғылынан өтіп бара жатқанымызда.

КӨКТӨБЕ

Жоспар бойынша бірінші баратын нүктеміз – Көктөбе демалыс аймағы екен. Иә, Алматыға келген адамның бірінші көретіні – Көктөбе. Мұнда ең биік телемұнара орналасқан. Биіктігі – 371,5 метр.

Бізді Көктөбе саябағының дамыту жөніндегі директоры Ғалия Қалилаева күтіп алды. Ғалия ханым саябақтың тарихына шолу жасап, ондағы әрбір жәдігермен таныстырып шықты. Жалпы, Көктөбеге арнайы машина жүретін жол арқылы көлікпен де, жаю да көтерілуге болады. Бірақ Көктөбеге жетудің ең әсерлі нұсқасы – аспалы арқан жолымен көтерілу. Оған Достық даңғылы бойында орналасқан (дәлірек айтқанда, Республика сарайының маңынан) бекеттен мінісіз.



Аспалы арқан жолдың қашықтығы – 1620 метр. 6-7 минуттың ішінде Алматының әсем табиғатын тамашалап жетіп барасыз. Аспалы жолдың құрылысы Дінмұхамед Қонаевтың бастамасымен 1965 жылы басталған. Жалпы Көктөбе құрылысы 1967 жылы 4 қарашада аяқталған. Бастапқыда екі вагон ғана жолаушы тасымалдаған.

Алғашқы вагондардың түсі көк және қызыл болған. Қазір екеуі де Көктөбедегі ашық аспан астындағы мұражайда сақтаулы. Демалыс аймағын мұқият аралаған адам көріп, суретке



түсуіне болады. Тап қазіргі кезде аспалы көпірде 17 жаңа гондоль кабина жолаушы тасымалдайды. Терезелерін ашып, желдетуге де болады. Әр кабинаға 8 адамға дейін сыяды.

Көктөбеден төменге құлдилап түсіп, қайта көкке айналып шығатын Fast Coaster аттракционы кез келген адамды қызықтырады.

Өлем бойынша тап мұндай тауда орналасқан темір жолды аттракционның біріншісі Швецияда, сосын осы Көктөбеде салынған екен. Ұзындығы бойынша да дүниежүзіндегі екінші аттракцион. Сағатына 45 км жылдамдықпен жүреді. Басаяғы 6 минутта айналып шығады. 160 келі салмаққа дейін көтереді.

Осы аттракционнан өте салғанда «Қолына қадесый ұстаған қыз» деген әдемі мозиканы көзіміз шалды. Көрсен, көз тоятындай өнер туындысы. Алматыға бізден ертерек келген әріптестер бұл композицияны бірден таныды. Сөйтсек мозика кезінде әйгілі «Қазақстан» қонақүйінің алдында тұрған екен. Ғалия Мейрамбекқызы мұнда қалай тап болғанын айтқанда, жүрегіміз шым-шым ете қалды. Қайбір жылы қонақүйде жөндеу жүріп жатқанда мозиканы ысырып алып тастамақ болыпты. Тап сол сәтте осы туындыны жасаған суретші Молдахмет Кенбаевтың Азамат деген ұлы троллейбуспен қонақүй маңынан өтіп бара жатады.

Ал Көктөбедегі аттракцион бейресми дерек бойынша одан да биік. «Шолу дөңгелегінің» әр кабинасында 6 орыннан 20 кабина орнатылған.

Қысы-жазы тоқтамай жұмыс істейді. «Шолу дөңгелегінен» Алматының айналасы алақан-дағыдай көрінеді.

Алматы – апортымен таны-мал болған қала. Кезінде қазіргі әл-Фараби мен Назарбаев көшелерінің қиылысында тұрған субұрқақты апорт ескерткішінің де Көктөбеде жайғасқанына біраз болды. Қонақтар апорттың жанына келгенде тілек тілеп, суға тын лақтырады. Жалпы, Көктөбеде Алматының тарихынан сыр шертетін жәдігерлер жетерлік. «Иә, бұл Алматының анау жерінде тұрған» деп айтылатын естелік көп-ақ.



Әкесінің көз майын тауысып жасаған еңбегін керек қылмай, бұзып жатқанына жаны күйіп, жанұшыра құрылысшыларды тоқтады. Сөйтіп мозиканы ұқыптап алдырып, үйіне алып кетеді. Кейін кәсіпкер Ерлан Қалиев сатып алып, Көктөбеге тарту еткен екен. Тап қазір Көктөбенің шырайын ашып тұрған экспонаттың бірі.

«Шабуылдаушы бұқа» деген атпен тұрған үлкен бұқаның мүсіні де келушілерді бей-жай қалдырмайды. Тап осындай мүсінді Нью-Йорктің атақты Уолл-стритінен көруге болады. Бұқаның мүйізін ұстап суретке түскен адамның жолы болып, табысқа кенеледі деген наным бар. Сол себептен де бұл мүсіннің көшірмесін Көктөбеде қоюды отандық кәсіпкерлер жөн санаған екен.

«Шолу дөңгелегі» аттракционның биіктігі 30 метрге жетеді. Орналасқан жерін қоса алғанда теңіз деңгейінен 1 130 метр биікте. Бұған дейін ең биік «Шолу дөңгелегі» Сочиде болған.

Келушілердің суретке түсуге құмартағын орнының бірі – әйгілі «Битлз» тобының ескерткіші. Сондай-ақ Көктөбеден хайуанаттар бағын тамашалап, мейрамханалардан дәм татуға болады.

Тарихи деректерде Кенесары Көктөбеде кеңес құрғаны да айтылады. Қалай десек те, Көктөбе қазақ тарихындағы ерекше орын саналады.

МЕДЕУ

Көктөбеден соң Медеуге қарай жол тарттық. Экскурсия жетекшісі Айдын «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елде туризм саласын арнайы оқыған екен. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, ән айтып, домбыра да тартатын бесаспап маман. Өзіміз күнде көріп жүрсек те мән бере бермейтін дүниелер туралы тарихи деректерден сыр шертіп, рухандырып келеді. «Шетелдік қонақтарға елімізді осылай таныстырады ғой» деп сүйсініп қалдық.

Жетінші сабақ – «Туған табиғат»

Айтпақшы, пандемияға дейін Алматы нағыз туристік аймақ ретінде шетелдіктер көп келетін қала болғанын да айтып қалды. Тіпті 2019 жылы шетелдіктерге гид қызметін көрсететін мамандардың тапшылығы сезіліпті.

Медеу туралы әңгімемізге қайта оралсақ... Медеу – дүниежүзіндегі ең үлкен жасанды мұз айдыны. Сондай-ақ ең тайғақ мұз саналады екен. Себебі табиғи бұлақтан аққан су арқылы жасалатын мұз кристалы басқаларға ұқсамайды. Айдын теңіз деңгейінен 1691,2 метр биіктікте. Медеу спорт кешені 1972 жылы пайдалануға берілген. Құрылысына қатысқан 10 архитектор да 1975 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған. Айдынның астыңғы қабатына ұзындығы 170 метрлік салқындатқыш темір құбырлар тартылған.



ШЫМБҰЛАҚ

Медеу арқылы Шымбұлаққа аспалы арқан жолмен де, жаяу да баруға болады. Жол көрсетушіміз Айдын баспалдақты қоса есептегенде Медеуден Шымбұлаққа дейін жаяу төрт сағатта жетуге болатынын айтады.



Қыстың күні жасанды мұздың қалыңдығы 10–15 сантиметрге дейін жетеді. Медеуге қарашадан бастап, наурыз айының соңына дейін жаппай сырғанауға баруға болады. Сенбі-жексенбі күндері 9 мыңға дейін әуесқой сырғанаушыларға қызмет көрсете алады.

Медеуге барған адам денсаулық баспалдағына көтерілмей кетпейді. Онда 842 баспалдақ бар. Бірақ әркімнің өз шындығы бар дегендей, баспалдақты әркім әртүрлі санайды. Баспалдақ санау да келушілердің қызық ермегі.

Баспалдақ арқылы көтерілгенде селден қорғайтын платинаның үстіне шығасыз. Бұл платина адамзат тарихында таудың ортасын жарып салған бірінші құрылыс саналады.

Платинаға баспалдақпен көтеріліп бара жатқанда орта тұста демалатын орын бар. Бұл жаздық бастырманьың сыртқы тұрпаты ұшып бара жатқан қарлығаштың қанатына ұқсайды. Кезінде ол «Қарлығаш» («Ласточка») деген кафенің жоспары ретінде салынған. Ал қазір адамдар денсаулық баспалдағының дәл ортасындағы осы жерде аялдап, жоғары қабатына көтеріліп қаланы, табиғатты тамашалайды.

Ол осы жазда үш, бес жасар балаларымен төрт сағатта жаяу жеткен екен. Екі аралықтағы жолдан адасамын деп қорықпаңыз. Өйткені машинамен де, жаяу да жүруге ыңғайлы асфальт төселген. Сол арнайы жолға түсіп алсаңыз, адастырмай апарарды.

Шымбұлақ – теңіз деңгейінен 2100 биіктегі тау-шаңғы курорты. Кеңес үкіметі кезінде тау шаңғышыларының олимпиадаға дайындық өткізетін кешені ретінде пайдалануға берілген. Әлемдегі шаңғы тегуге ең қолайлы, сапалы курорт саналады. Қыстың кезінде Шымбұлаққа келушілер көп болады. Маусым қарашаның соңында басталып, сәуірге дейін жалғасады. Шаңғы теуіп үйренушілерге арналған мектеп те жұмыс істейді.

«Жаздыгүні Шымбұлақта не бар дейсін, оның қызығы қыста ғана» дейтін болсаңыз, қателесесіз. Тауда серуендеуге, арнайы спа ланының бассейнінде жүзуге, тау велосипедін тегуге, параплан мен парашюттен секіруге болады.

Шымбұлақ атауына байланысты екі түрлі пікір бар. Бірі шыңнан бастау алатын бұлақ бар болғандықтан дұрыс атауы Шыңбұлақ десе, екінші тарап бұлақ бар жерде шым болатындықтан Шымбұлақ атауы дұрыс дейді. Мәселен, Қазыбек бек Тауасарұлының

«Түп-түқияннан өзіме шейін» кітабында шыңның бұлағы, яғни Шыңбұлақ деп көрсетілген.

Айтпақшы, қазақтың әйгілі фильмі «Тақиялы періштеде» Медеу мен Шымбұлақтың табиғатына қызыққан Тайлак пен сүйіктісі «Швейцария» деп тамсанатыны естеріңізде ме? Иә, онда барсаңыз, сіз де «Бұл – Қазақстан» деп мақтаншып айтасыз. Мұнда болған әрбір адамның туған жерінің сұлулығына ғашық болмауы мүмкін емес!

БОРАЛДАЙ

САҚ ҚОРҒАНДАРЫ

Алматы қаласындағы «Музейлер бірлестігіне» жеті музей кіреді: Алматы музейі, Ықылас атындағы музей, Д.А.Қонаев атындағы



музей, Н.Тілендиев атындағы музей, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов атындағы музей, мультимедиялық музей және ашық аспан астындағы «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені.

Экспедиция кезінде сақ қорғандарына арнайы аялдадық. Ол қаланың Алатау ауданында, Үлкен Алматы мен Боралдай өзендерінің арасында, әуезжайға жақын маңда орналасқан. Мұнда шамамен б.з.б. 1-мыңжылдықта сақ тайпалары мекен еткен. Археологиялық кешенде 47 қорған, 200-ден аса оба бар. Олардың ең үлкенінің биіктігі 18 метр, диаметрі – 120 метр. Үлкендігіне байланысты оны «Хан қорған» деп те атайды.

Ашық аспан астындағы музейден ортасынан жарылған қорған мен ежелгі сақ тұрғын үйінің макетін де көрдік. Макет-қорғанда көне дәуірдегі жерлеу ғұрпы қалай болғанын жасақтап қойған.

Археологиялық кешендегі төмпешік-төмпешік болып үйілген топырақ астында не жатқанын келушілер осы макет арқылы біле алады.

Кеңес үкіметі кезінде бұл маң ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланғандықтан, біраз қорған егістік үшін жыртылып, жойылып кеткен. «Шаңырақ» ықшам-ауданы саларда тұрғындар топырағын құрылысқа да пайдаланған. Тап мұндай тарихи ескерткіш дүниежүзінде Будапеште және осы Боралдайда сақталған.

Алматы қаласының маңында көне заманға тиесілі қорғандар көп. Мысалы, электр жылыту станциясының маңында да кездеседі. Сондай-ақ жаппай үй салу кезінде «Тастақ» ықшам ауданындағы көпқабатты үйлердің астында екі қорған қалып қойған. «Сондықтан қазба жұмыстарын жүргізу мүмкін емес», – дейді кызметкері.

Египеттегі пирамидалар әлемдік мәдениетте қандай аңыз әрі тарихи жәдігер болса, сақ қорғандары да сондай мәдениеттің бөлшегі.

Болашақта археологиялық кешенде атпен серуендеу, бие сауу секілді қазақтың ұлттық әдет-ғұрпын дәріптейтін көріністерді көруіміз мүмкін.



ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ МӘСЕЛЕСІ

«Пандемияның оң әсері – отандық туризмге көңіл бөлуге мүмкін туғызды. Біздің экспедицияның да мақсаты – көпшілік біле бермейтін тарихи орындарды жалпақ жұртқа кеңінен насихаттау, халық назарын аудару», – дейді «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті АҚ басқарма төраға-

сының орынбасары Айбын Шағалақ. Расында биыл отандастарымыздың көпшілігінің шет ел аспай, еліміздің түрлі аймағын саяхаттап, жас өскіндерді туған жерімен таныстырғанын байқадық.

Туризм саласында қолға алуға тиіс мәселелер көп-ақ. «Елімізде туризм саласы неге кенжелеп қалды?» деген сауалды экспедиция жетекшісі Айдын Нұрдәулетұлына да қойған едік. «*Біріншіден, шетелдіктерге визасыз кіру мәселесін соңғы кезде ғана реттеп келеміз. Шетелдік туристер виза алып жүруге қиналады. Өткенде украиналық блогерлер Алматыға келіп кетті. Содан кейін елімізге Украинадан келетін туристердің саны кәдімгідей артты. Олар виза алып жатпайды. Тікелей арзанырақ әуе қатынасы да ашылған. Егер осындай жағдай болса, туристер көптеп келуі мүмкін. Сондай-ақ біздің халық туристердің келуіне дайын болмады. Алматы облысына келген туристерді тонап кеткен жағдайлар да кездескен. Бұл туристер үшін «Қазақстан саяхаттап баруға қауіпті ел» деген түсінік қалыптастырады. Біздің халық енді ғана туристерге қызмет көрсету арқылы табыс табуға болатынын түсініп келеді. Шетелдік туристер үшін ең қолайлы жер – Алматы қаласы мен облысы. Өйткені баратын жерлердің арасы тым қашық емес. Кейде бізге: «Неге сендер Жошы хан жатқан Ұлытауға туристік маришрут ұйымдастырмайсыңдар?» деген сын-пікірлер айтылады. 7-8 сағат ұшақпен ұшып келген шетелдік туристі Алматымен арасы бір күн*

болатын Ұлытауға апарсаң, шаршап қалады. Оның үстіне бізде автожол мәселесі де қиын», – дейді.

«XXI ғасыр – әлем халықтарының саяхаттау ғасыры» дегенді де жиі естиміз. Ендеше, әлемді саяхаттауды туған жерден бастайық!

Жадыра АЙМАХАНҚЫЗЫ

Суреттер «Egemen Qazaqstan» газетінен және ашық дерек көздерінен алынды



Өздерің жазған хаттардан

СӨЗІҢІЗГЕ ЗЕЙІН ҚОЙЫҢЫЗ

Бізге сөйлеу үшін тіл мен ауыз берілді. Ал біз соны дұрыс қолдана аламыз ба? Әр тілдің өзіндік ерекшелігі бар. Сол ерекшеліктерді дұрыс қолданып, дамыту арқылы адамдармен жақсы қарым-қатынаста бола аламыз. Сөйлеу өнерін екіге бөліп қалыптастыруға болады: проактив сөйлеу және реактив сөйлеу. Шынайы проактивтілік деңгейін біздің сөйлеген сөздеріміз айқындап бере алады. Реактив сөйлеуде әдетте адамдар жауапкершіліктен қорғайтын сөйлеу мәнерін таңдайды.

– Міне, мен осындаймын. Менің қолымнан осы ғана келеді. Мен жасай алмаймын.

– Ол менің ығырымды шығарып, қанымды ішті.

– Мен мұны істеген емеспін, істей де алмаймын. Менің бұндай іске уақытым жоқ.

– Маған осылай істеуге тура келді. Мен ұнатқан ісімді таңдауға ерікті емеспін.

Міне, реактив сөйлеу үлгісі осындай болады. Оны өзгертуге мүмкіндігіміз бар. Ол үшін проактив сөйлеу үлгісін таңдаймыз.



Мәселен:

– Менде қандай мүмкіндік бар екенін қарастырайық.

– Мен басқа амал бар екенін сеземін.

– Өз сезімді бақылауда ұстап алатыным сенімдімін.

– Өзіме тиімді презентацияны жасаймын.

– Мен қалаймын.

– Мен ұсынамын.

– Мен істей аламын.

Осылай проактив үлгіде сөйлейтін болсақ, өмірімізде жағымды жаңалықтар мен жақсы істер болары сөзсіз.

Бұлбұл ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
№3 қазақ орта мектебінің
11 «Ә» сынып оқушысы.

Есіл ауданы
Ақмола облысы

СЕРИАЛ АРҚЫЛЫ
МАМАНДЫҚ ТАҢДАДЫМ

«Кім боласың?» деген бәріміз естіген сұрақ шығар. Кішкентай кезімде дөрігер боламын немесе басқа боламын деп айтқаным есімде жоқ. Биге қатыстым, волейболмен, спортпен айналыстым. Бұл маған қатты ұнайтын. Бірақ болашағымды спорт саласында елестетпейтінмін. Есімде қалғаны – балмұздақ сатушысы болғым келген. Ол туралы ешкімге айтқан емеспін, бірақ балалық арман болатын. Қатты болғым келгені сонша, сол туралы түс те көретінмін.

Көп болмаса да, біршама хоббиім болды. Олар: гимнастика, би, волейбол, сурет салу, өз бетімше тіл үйрену. Сонымен қатар, мектепшілік және басқа да жарыстарға қатысып, әрқашан белсенді болғанды ұнаттым. Ал кім болу туралы ой 7–8-сыныпқа дейін толғандырған да, ойландырған да жоқ.

Бәріміз өзімізді әртүрлі жағдайда табамыз. Біреулер отбасының кәсібі мен жолын жалғастырады, енді біреулер жоғары оқу орнын бітірсем болды деп грантқа санына қарап мамандық таңдайды, басқалары кумирлерінің әріптесі болуды армандайды. Мен кім

болатынымды сериал арқылы таптым. Кейбіреу үшін күлкілі шығар, бірақ бұл менің оқиғам.

Шал мен кемпірдің баласы болғандықтан, мультфильмдермен қатар апам тамашалайтын сериалдарды көретінмін. Кішкентай кезімде корейдің тарихи сериалдары танымал болатын-ды.

Бірде «Пиноккио» деген сериалды көре бастадым. Бір емес, бірнеше рет қайталап көрдім. Хикая әр көрген сайын ерекше әсер қалдырады. Фантастика мен журналистиканың тоғысуынан туындаған бұл туындының мен үшін орны бөлек. Репортерлер мен жаңалық саласындағы және арналар арасындағы үлкен бөсеке мен төртінші биліктің қиын тұстарын ашық көрсететін туындыда журналист болудың артықшылығы мен кемшілігі толық суреттеледі. Қанша қиын етіп көрсетсе де, бұл сала мені аурасымен, қызыққа толы ізденісімен баурап алды. Сериалды көріп біткен соң көзімде от жанып, «мен журналист боламын» дедім. Бұл мені ерекше қуантты. Ендігі жерде «кім боласың?» деген сұраққа нақты жауабым бар.

8–9-сыныпта маған әпкем журналистикаға қалай түсетінін және не істеу керек екенін айтты. Шығармашылық емтихан туралы естігенде қорқыныш пайда болды. Ақырындап жарыстарға бара бастадым. Бәрі сәтсіз болды. Бірақ қорқынышым бел алғанда, әлгі сериалды қайта көріп шығатыным. Себебі ол маған мотивациядан бөлек, нені тартатынымды анық көрсететін.

Ал қазір мен 11-сыныпта оқып жатырмын. Соңғы жылда әртүрлі пікір естідім. Біреуі мені таудың шыңына шығарып қуантса, екіншісі сол тұрған жерден сағымды сындырып құлататын. Тіпті өз ата-анамнан «сенен қандай журналист шығады?!» дегенді де естідім. Мені қолдаған, алға жетелеген жан – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлсім Нұрахметқызы. Ол кісіге айтар алғымсын шексіз.

Осыны оқып отырған замандастарым, өз армандарыңыз үшін күресіңіздер дер едім. Ең бастысы, жаңа ортаға, жаңа адамдармен таныстыққа ұмтылыңыздар. Ұстазым бізге сабақта «өзінді өшіретін емес, өсіретін ортаға ұмтыл» дегенді жиі айтады. Мен де соны қайталап айтамын.

Неге осы тақырыпты жазғанымыз білесіздер ме? Себебі қатарластарымыз көбі әлі кім болатынын білмейтінін байқадым. Ешқашан қызығушылығыңыз бен арманыңыздан басқа жандардың сөзіне жала бас тартпаңыз.

Айгерім МАНАТ,
№12 орта мектеп-гимназияның
11 «А» сынып оқушысы.
Талдықорған қаласы

АУЫЛҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ

Жазғы демалысқа шыға сала атам мен әжемнің ауылына тартып отырдым. Ауылдың тіршілігі таң атпай басталады ғой, шіркін! Таңертең қорадағы түйелерді өріске айдауға көмектестім, қаздар мен тауықтарға жем салдым. Таңғы ас ішіп болған соң, үйге достарым келіп тұрады. Ауылда менің досым көп. Күні бойы достарыммен саябақта ойнадық, құмда күрестік, велосипед тептік, кешкісін айдың жарығымен тығылсып ойнадық. Жаңбыр жауған күндері сайға жиналған суға шомылдық.

Ауыл балаларының жүрегі мейірімге толы. Өтірік айту, достарын сатып кету дегенді білмейді. Барлығы бір-бірімен адал дос. Маған осы қасиеттері қатты ұнайды.

Қалада дүниеге келсем де, кішкентайымнан әке-шешем ауылға көп апарады. Сондықтан болу керек, ауылды қатты сағынамын. Қазір ауылды еске алған сайын бойыма күш-қуат жинап аламын. Ауылдан жақында ғана келсем де, ауылдағы туыстарымды, достарымды сағындым.

Асылбек ЖАҢАБАЙ,
Қазанған атындағы балалар өнер мектебінің
4-сынып оқушысы.
Ақтөбе қаласы

ЕЛБАСЫНА ХАТ



Қайырлы күн, Нұрсұлтан ата! Қал-жағдайыңыз қалай? Бұрын-соңды сіз секілді үлкен кісіге хат жазамын деп ойламаған едім. Алты ай бұрын әлеуметтік желіде «Елбасы медалі» деген жоба туралы білдім. Міне, сол жобаның қалауымен сізге сәлем хат жазу бұйырыпты...

«Елбасы медалі» жобасы еліміздегі жастардың бағындырар шыңының бірі іспетті болып қалды. Жобаға қатысып, бағымды сынап көргеніме қатты қуаныштымын. Иә, басында

алты ай бойы тапсырмаларға қалай үлгеремін деген ой болды. Бірақ дана халқымыз «көз – қорқақ, қол – батыр» дейді. Осылайша алты ай уақыт та зымырап өте шығыпты. Әр бағыт, әр тапсырма мен үшін құнды. Өзімді жан-жақты дамытып, ой саларлықтай кітаптар оқып, зердемді аштым. Алла қаласа, алдағы күндерде «Елбасы медалінің» иегері болуға талпынып жатырмын. Осындай мүмкіндіктің болғанына, уақытымды бос өткізбей жүргеніме алғыс білдіремін.

Сәлеммен, «Елбасы медалі» байқауына қатысушы
Асылзат САТЫБАЛДЫ.
Жаңақорған ауданы
Қызылорда облысы

ҰЛЫЛЫҚ – МҰРАЖАЙДА

Тарихқа қатысы бар оқиғалардың барлығы еліміздің әрбір жерінде орналасқан мұражайларда сақталған. Сондықтан тарихты сақтауда мұражайлардың рөлі зор. Олар тарих үшін маңызды болып саналады. Қазаққа аты әйгілі ақын-жазушылардың еңбегі де – тарихи-мәдени мұрамыз. Ал олар жайында естеліктер мен ақпараттар мұражайларда бар. Тіпті оларға ескерткіш ретінде жеке мұражайлар да жасалған.

Мұражайда өткен заманның оқиғаларына хабардар бола аламыз. Сонымен қатар, жазушылардың өмір сүрген кезеңін, сол кезде сәнді болып есептелген киімдері мен олардың жеке заттарын байқауға болады. Ұлы тұлғалардың стилі мен олар пайдаланған қаламдарды, оқыған кітаптарды тек мұражайдан ғана кездестіруге болады.

Мұражай маңызды ақпараттардың болуымен ерекшеленеді. Меніңше, мұражай – әр халықтың алтын қазынасы. Олардың көбеюі халық үшін үлкен жетістік, мақтаныш. Мұражай туризм саласының дамуына да үлкен септігін тигізеді.

Бірганым АХМЕТОВА,
С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназияның
11 «Ә» сынып оқушысы.
Нұр-Сұлтан қаласы



• Мен таңдаған мамандық

ЖУРНАЛИСТИКАҒА

ОҚУҒА ТҮСҮ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

2021 жылы еліміздің журналистика факультетіне мыңнан астам бала құжат тапсырып, 197-сі ғана грантка түскен. Демек, 4 жыл журналистика факультетінде ақысыз оқуға екінің бірінің қолы жетпейді. Бірақ журналист боламын деген түлектер саны көбеймесе, азаймай тұр. Осы тақырыпта газетіміздің 2020 жылғы жас тілшісі, ХАТУ-нің грант иегері Аружан Абсатармен сұқбаттасқан едік.

– Аружан, не үшін басқа университетті емес, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетін таңдадың?

– Бұл университетті маған «Ұландағы» апай-ағайлар ұсынған еді. Университеттегі білім сапасының, профессорлардың студенттермен жұмыс істеу деңгейінің жоғары екенін көптеген танысымнан да естігенмін. «Оқу қиын, бірақ өз салаңның үздігі болып шығасың, практикаға көбірек көңіл бөледі» деп айтқан. Сол кісілердің кеңесін тыңдап, тынбай дайындалып, ХАТУ-ға 123 балмен грантка түстім. Қазір оқу басталды. Шынымен де бұл университетте оқу қиын екен. Практикаға жақсы көңіл бөледі. Конвергентті журналистика, пиар негіздері сабағынан түрлі практикалық тапсырма беріп жатыр. Алдағы уақытта осы оқу орнында жақсы білім алып, кәсіби деңгейде журналист болып шығатынымна сенімдімін.

– Қашаннан бастап журналист боламын деп бекіндің? Грантка түсу мүмкіндігі аз болғандықтан ата-ананың тарапынан қарсылық болды ма?

– Журналист болуды бала кезден армандайтынмын. Кішкентай кезімізде барлығымыз балалықпен ақын, дәрігер, мұғалім боламын деп армандадық қой. Орта сыныпта оқып жүргенде өлең оқудан, эссе жазудан байқауларға қатысатынмын. Сол кезде мұғалімдерім, қазылар алқасы маған «сен журналист болатын қызысың», «сен диктор болатын қызысың» деп көп айтатын. Содан кейін анам: «Журналистика саласын таңда, қызым, сенің қабілеттеріңе сай, қолыңнан келеді», – деп қолдау білдіріп, тандауымды құптады. Журналист десе, бәріміз теледидардан көрінетін диктор олаймыз ғой. Сөйтсек, бұл мүлде басқа мамандық екен...

Иә, грантка түсу мүмкіндігі аз. Биыл Қазақстан бойынша журналистикаға 197 грант бөлінді. Басында шығармашылық емтиханға дайындалып жүргенде, «журналистика факультетіне түсе алмай қалатын шығармын» деген ой да мазалады. Қазақ әдебиетін таңдасам ба дедім, бірақ ол пәнге дайындығым келмеді, жүрегім қаламады. Ағылшын тілі мен дүниежүзі тарихын таңдауды да ойлады. «Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығын оқып, қосымша журналистиканы алып жүрермін» деп те қиялдадым. Бірақ «нартәуекел» деп шығармашылық емтихан тапсыруға бұл бедел.

– Мақала жазу кезінде қандай қиындықтарға тап болдың?

– «Ұланға» 10-сыныптан бастап жаза бастадым. Бұрын

мақала жазбағасын қалай жазылатынын, эссе мен шығармаға қарағанда қандай айырмашылығы бар екенін білмедім. Райымбек ауданынан шығатын «Хан Тәңірі» газетіне мақалалар жазып жүрдім. Тілге, интернетке тәуелділікке байланысты мақалаларым жарық көрді. Сөйтіп мақаланың қалай жазылатынын үйрендім. Бірақ бір мақала жазу үшін көдімгідей бір ай отырып зерттеп, сараптап жазатынмын. Ертең бұл жазғаным қате болса, маған редакциядағылар жекіп жүрмей ме деп, жазғандарымды мінсіз, тап-таза қылып өткізгім келетін. Соның бәрін жаттықтырып жүріп, жазуға ғашық болдым. Оған дейін жазуды ұнатпайтынмын. Эссе, шығарма байқауына қатысқаныммен де ұнамайтын. Сосын «Ұлан» газетіне мақала жаза бастадым. Алғашқы мақалам Әбілхан Қастеевтің музейі туралы болды. «Жас ұлан» ұйымы болып, мұғалімдер мен оқушылар Әбілхан Қастеевтің Алматыдағы музейіне барғанбыз. Сол музей туралы ақпарат жаздым. Газеттердің ішінен парақтап тұрып, іздедім. Мақаламын шыққанын көргенде, ол маған үлкен мотивация болды. Ал оған дейін мақала жіберуге қорқып жүрдім. «Ұланға» мақалам шығуы қолжетпес дүниедей көрінетін. Басқа балалардыкіні оқып, «олардың да жазғандары шықты ғой, неге жазып көрмеске?» деп мақалаларымды жолдадым. Бірінші мақалам шыққан соң түрлі сұқбат ала бастадым. Солай жазу стилім қалыптаса бастады. Бағыт-бардар берген «ұландық» апайларыма рақмет айтамын. Әр мақалам шыққан сайын өзімнің жіберген нұсқам мен газеттегі нұсқасын салыстыратынмын. Сөйтіп қатемді түзейтінмін.

– ҰБТ-ға дайындалып жүргенде ештеңе істегенің келмейтін сәттер болады. Ондайда өзіңе қалай мотивация бердің?

– Иә, ҰБТ-ға дайындалғанда біраз қиналған кезім болды. Шығармашылық емтихан тапсырсам да, мектепте өтетін сынама тесттерден жоғары балл алып жүрімі керек болды. Өйткені «Алтын белгіге» үміткер болғандықтан, солай талап етті. «Өр сынама тапсырған сайын жоғары балл алуың керек» деді. Дайындықты қырықүйек айынан бастадым. Алғашқы сынама тестілеуде өте аз балл алып қалдым. 40-тан 24 балл ғана алдым. Сол кезде мұғалімдерден сөз естіп, біраз жылап алып, дайындыққа көштім. Таңғы 4-5-терде тұрып алып, Қазақстан тарихына оқитыным және «Алтын белгі» болған соң мектепте өтетін көдімгі пәндерді де жақсылап оқуың керек қой. Өйтеуір солай Қазақстан тарихын оқып,

арасында оқу сауаттылығына тыңғылықты дайындалып жүрдім. Солай жүргенімде әп-сәтте оқуға мотивациям жоғалды. «Мен не үшін оқып жүрмін?» деген сұрақ көкейімде сайрап тұрды, оқуға зейінім болмады. Сөйтсем мен өзіме мүлдем көңіл бөлмейтін, тек оқу деп жүре беріпін. Дурыстап демалмағанмын. Үй ішіндегілерге де көңіл бөлмегенмін. Оқып жүрген кезімде өзімді еш ынталандырмағанмын. Мысалы, мынаны оқып қойсам, өзіме шоколад алып беремін деген секілді. Дайындығым бірқалыпты, ешқандай өзгеріссіз қала берген. Солай 3-4 күн ешнәрсеге азық болмады, тіпті үй шаруасын да істегім келмей, жай ғана жата бергім келген кездер болды. Содан кейін барып далаға шығып серуендеп, достарыммен қыдырып келіп, бірте-бірте оқуға деген мотивациям қайта оралды. «Шыда, Аружан, сабыр ет, ертең осының жемісін жейсін» деп өзімді тыныштандырып қоятынмын. Еңбегім ақталды десем болады. Енді ҰБТ-дан 35 балл аламын деп үміттендім. Мемлекеттік ҰБТ-ның біріншісінде 32, екіншісінде 33 балл алдым.

– Журналистиканың өмірінде алатын орны қандай? Жай мамандық па, әлде өмір сүру салты ма?

– Жоғарыда айтқанымдай, кішкентай кезімде журналистиканы диктор ретінде елестеттім. Бірақ «Ұланға» мақала жаза бастағаннан кейін, уақыт өте келе мен оның өте қиын сала екенін түсіндім. Қиын, ессенің өте қызық сала. Мақала жазып жүрген кезімде адамдармен араластым, әр өңірден достар таптым, әртүрлі адамдардан сұқбат алған сайын жана нәрсені үйрендім десем болады. Білім алдым, көзім ашылды. Міне, осы үшін журналистиканы қатты жақсы көре бастадым. Маған өлең оқыған, адамдарға білгенімді бөліскен, олармен араласқан ұнайды. Негізі адамдармен араласпайтын, өте тұйық болғанмын. «Ұланға» мақала жазғалы бері ашылдым, сол үшін де алғысымды айтамын. Өзімді болашақта журналистикада елестете аламын. Құс аспанда қалай еркін болса, мен де журналистикада өзімді еркін сезінемін. Мен бухгалтерияны немесе заңгерлік оқысам да, істей алмаймын. Өйткені қызықпаймын. Мамандығыма жаңашылдық енгізіп, әрі қарай түрлендіргім келеді. Жай мамандық ретінде қарамаймын, өмірімнің бөлшегі іспетті. Журналистикаға деген махаббатым уақыт өткен сайын күшейеді деп үміттенемін.

– ҰБТ-ға қалай дайындалған жөн?

– Қазақстан тарихына аса мән беру қажет. Оқу сауаттылығына да дайындалуды ұмытпау керек.



Себебі менің ҰБТ-да жіберген бір қатем оқу сауаттылығынан болды, қате жауапты сенімсіз белгілеп жібердім. Оқу сауаттылығы көбіне логикаға құрылғандықтан, адамды шатастыратын ұқсас нұсқалар беріледі. Әбден ойланып, мәтінді екі-үш қайтара оқып, соның мазмұнын түсініп алу қажет, содан кейін ғана шешім қабылдаған жөн. Қазақстан тарихынан жоғары балл алғыңыз келсе, Берік Жұбанышовтың кітабынан өзге көдімгі мектеп бағдарламасындағы оқулықтарды да оқып шыққан дұрыс. Маған сұрақтар сол кітаптардан келді. Қазір ҰБТ электронды форматқа өтті. Мектеп бағдарламасының кітаптары өзгерді, жана бағдарламаға ауысты. Биыл тестілеу форматы жаңа бағдарламаға түгелдей өзгеретін шығар, ол жағын нақты білмеймін. Ең бастысы, адамда сенімділік болуы керек, «мен оқуға түсемін», «менің қолымнан келеді» деп өзін сендіруі керек.

– Шығармашылық емтиханға қалай дайындалдың?

– Шығармашылық емтихан – сенің журналистика, әдебиет саласынан алған Республикалық деңгейдегі дипломдарың, жетістіктерің немесе сол бір салада жұмыс істеген, жазған мақалаларың, тәжірибен. Портфолиода солар тұрыу керек. Шығармашылық емтиханға дайындықты ҰБТ-дан сәл кеш бастадым. Көктемнен дайындықты бастап, бұрынғы сұрақтарды ғаламтордан қарап, соларға жазбаша жауап жазып, ізденіп, әр сұрақты жеке-жеке талдап жүрдім. Шығармашылық емтиханның бірінші бөлімінде эссе жазу керек. Эссе жазғанда құрмалас сөйлем болмауың ескеру керек.

P.S. Аружанмен сұқбаттаса отыра, оның журналистикаға деген махаббатына сүйсінім. Өз мамандығын сүйген адам сол салада көптеген жетістікке жетері сөзсіз. Болашақта Аружанның қазақ журналистикасында із қалдырарлықтай маман болуына тілектеспін!

Бану ӘБДІҒАЛПЕВА,
«Ұлан» газетінің жас тілшісі,
Қорғантаз мектебінің 11-сынып оқушысы.
Шалқар ауданы
Ақтөбе облысы



Жуырда С.Жиенбаев атындағы облыстық жасосірімдер кітапханасында «Ел тірегі – татулықтың тірегі» атты этномәдени бірлестік өкілдерімен кездесу өтті. Іс-шараға «Шатлык» Ақтобе облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінен Асхат Сүлейменов, Махсұт Хисамутдинов, Шагура Янкина, «Вайнах» шешен қоғамдық этномәдени бірлестігінің төраға орынбасары Саламат Насруді Сайталиевич, «Шалом» еврей этномәдени бірлестігінің төрайымы Полина Савицкая арнайы қонақ болып қатысты. Қонақтар өздерінің ұлттық салт-дәстүрін, ырым-тыйымын, ұлттық ойындары мен киімдерін, сонымен қатар ұлттық тағамдары туралы айтып берді. «Шатлык» бірлестігі ұлттық киімдерімен әдемі ән салып, көпшіліктің көңілін көтерді. Ал «Шалом» бірлестігінің төрайымы Полина Яковлевна өз тілінде монолог оқып берді. Татар, еврей, шешен тілдерінде «Мен Қазақстанды жақсы көремін» деп тәуелсіз қазақ еліне жылы лебізін білдірді. Осы іс-шараны ұйымдастырарда елімізде тұрып жатқан ұлт өкілдерінің ерекшеліктері туралы ізденген едік. Соны оқырманға ұсынуы әрқашан қордік.

ТАТУ ЕЛДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ



Татар халқы

Татар халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті қазақ халқына ұқсас келеді. Солардың бірі – Наурыз (Нәурыз) мейрамын қарсы алу. Қазақстан татарлары Наурыз мейрамында балаларына үй-үйді аралатып, күлдіргі өлең айтысып, көршілерін жаңа жыл мерекесімен құттықтайтын көне үрдісті қайта жаңғыртты. Үй иесі өлең айтқан балаларды тәтті тағамдармен, кейде боялып піскен жұмыртқамен марапаттайды. Татарлардың тағамдары да қазақ халқының ұлттық тағамдарына ұқсайды: айран, күрт-ірімшік, қаймақ, қымыз т.б. Бишбармақ, құлдама, салма, чурпара деп аталатын тағам түрлері де бар. Әйелдер «кюлдек» аталатын ұзын, кең етектегі қынама көйлек, зерлі қамзол, әсем такяя, ерлер кең балақты шалбар, бағалы аң терісінен тігілген дөңгелек бөрік, тымақ киінеді. Кең тараған музыка аспабына қазақтың сыбызғысына ұқсас курай, шаңқобыздына ұқсас қобыз, варган, домра жатады. Жыл сайын Ораза мен Құрбан айт тойланады. Татарлардың ежелгі дәстүрлерінің бірі – көктемде өзендерде сен

жүре бастағанда, «Сенді шығарып салу» рәсімін тойлау. Жастар өзен жағасына жиналып гармон тартып, би билеп, частушка айтып, қамыстан жасалған «адамды» жағып тамашалайды. Қазақстан татар жастарының көктемдегі тағы бір тойларының бірі – «Қарға ботқасын» өткізу. Ол құстардың аймаққа келу құрметін тойлау, құстарға жем шашу, жастардың топталып құстарға арнап өлең айтып, түрлі ойын ойнауымен ерекшеленеді. Бұл ауылды жерлерде көктемгі егістің басталу қарсаңында өткізіледі. Мақсат – егістің бітік шығуын, ризықтың мол болуын тілеу. Сондай-ақ көктемдегі құрғақшылық кезінде ауылдың үлкен-кішісі жиналып мал сойып, құдайға жалбарынып аспаннан жаңбыр тілеу рәсімін жасаған, ол татарша «ыңғыртелеу» деп аталады екен. Татар халқының ежелгі дәстүрлерінің бірі – көршілердің бір-біріне қора салысуға немесе егін жинасуға, отын жинауға көмектесуі. Оны ома немесе асар деп атайды. Байқасаңыздар, татар халқының тілінен қоса салт-дәстүрі, ұлттық ойындары, ырым-тыйымдары жағынан да ұқсас екенбіз. Қазаққа үлкендер үйде болмағанда «Бастаңғы» жасап жастарды жинасақ,

татарларда ол «Аулақ үй» деп аталады екен. Ал біздегі сақина салу ойыны татарларша «нузек салу» деп аталады. Рамазан айында ораза ұстауды да татарлар қатты қолдайды. Отыз күн оразада ауыз бекіту заңын татарлар бұлжытпай орындауға тырысады. Қазақстандық татарлар басқа мұсылмандар сияқты Ораза айт пен Құрбан айтты салтанатпен құрметтеп өткізуді мықтап ұстанады. Жұма намазына әкесі, баласы, атасы (үш буын) бірлесіп баруды міндет санайтындар татарлар арасында жиі кездеседі.

Шешен халқы

Шешен халқының салт-дәстүрі ерекше. Ең басты дәстүр – еркіндік. Кез келген жағдайда шешендер ең алдымен еркіндікті, бостандықты қалайды. Екінші орынға шешендердің жомарттығын қоюға болады. Шешендер қонақжайлықты құрметтейді. Әйел адамдарға, қарт адамдарға ерекше сый-құрмет көрсетеді. Отбасы салтында үл бала әкесінің кез келген өтінішін орындауға тиіс. Отқа түсетуе дайын болуы керек. Отбасында бала тәрбиесін ең бірінші орынға қояды. Ата-анасын құрметтеу, оларға жол беру, жолын

кеспен, сөзін бөлмеу, үлкендердің сөзіне араласпау, олардан бұрын сөйлемей керек. Егер зер салсаңыздар, шешен халқы да бізге ұқсайды. Тек ерекшелігі – шешен халқында күйеубаланын қайын енесімен және қайын атасымен қатынаспайтын дәстүрі бар. Тіпті оларды өмірінде көрмеуі мүмкін. Бір-бірімен сыйластық оларда солай өрбиді екен.

Қазақстандық шешендер кавказдық өмір салтын сақтап қалған. Бұл әсіресе мерекелерде байқалады, жастар ұлттық киімдерін киіп, дәстүрлі билерін билейді. Ерлердің ұлттық киімі «газырлы черкес» деп аталады, салтанатты жағдайлар мен әскери уақытта киюге арналған. Әйелдердің киімі салтанатты жағдайларда киетін, күнделікті, арнайы және қаралы күндері киетін киімдерден тұрған. Мерекеге және үйлену тойына килетін киім «чуки» деп аталады. Өте қымбат, алтын және күміс жіптермен тігіледі. Орыс тарихшылары шешен халқының әдемі ұлт екенін жазып, олардың көздерінде от барын айтып кеткен. Олардың бойы ұзын, дене бітімі көркем әрі көңілді, бірақ кекшіл болып келеді дегені тағы бар.

Еврей халқы

Кезек еврей халқының ұлттық мейрамдарына келді. Еврейлерде ерекше атап өтетін мейрамдар: Иом Кипур, Сукот, Ханукуды, Ту-би-шват және жемістер күні. Енді қысқаша осыларға тоқталып өтсек.

Иом Кипур – күнәлардан арылу, базынаны ұмыту және тазару күні. Оның алдында қапоройс – қоразды немесе тауықты құрбандыққа шалу рәсімі орындалады. Оның мәні – өз үйін зұлымдықтан тазарту және Құдайдың қаһарын қайтару.

Ең көңілді мейрамдардың бірі – Сукот немесе Қуцей мейрамы. Ол астық жинау уақытына деп келеді және табиғат мейрамы деп саналады.

Еврейлер Ханукуды – жарық пен қуаныш мейрамын өте жақсы көреді. Ту-би-шват – ағаштардың жаңа жылы. Жемістер күні – Израиль табиғатының мейрамы, бұл мейрам уақытында дастарқанға қасиетті жердің жемістері – жүзім, інжір, анар, құрма қою әдетке айналған. Ал еврей тағамдарында сорпа дайындауда өзгешелік бар екен.

Тіпті шешендерді «Кавказдың француздары» деп те атаған.

Шешендерде әйелді өте қатты сыйлап, қадірлеген, небір қанды соғысты немесе жекпе-жекте оларда тек әйел ғана тоқтата алған. Сол себептен шешендерде әйелдің атқаратын рөлі биік. Әйел басындағы орамалын жерге тастағаннан кейін-ақ төбелесіп жатқандар бірден тынышталады. Бұл әйелге деген құрмет пен сыйластықты білдіреді екен. Бізде үйге қонақ келсе келіндеріміз шәйнек қойып, ет салып, қонақтың бабын тауып, алдында құрақ ұшып қызмет қылса, шешендерде бұл керісінше екен. Қонақ келсе, әйел шәй құйып отырмайды. Әйелдер басқа бөлмеде тамақтанады. Ал қонақтарды сол үйді кіші ұлдары күтеді. Қонақтың алдына қоятын тамақтары «жикжиг галныш» деп аталады. Ол асылған еттен жасалады. Қамыр илеп, оны мақарон сияқты етіп кеседі. Ет піскен сорпаға кеспені салып пісіреді. Ары қарай сарымсақты майдалап турап, ортаға қояды. Тамақты сарымсақпен жейді.

Шешендер – тойшыл халық. Олардың тойлары үш күнге созылады. Бұрындары жігіт қызды ұнатса, онда оған сыйлық беріп жіберетін болған. Егер ол сыйлықты қабылдаса, онда қыздың көңілі болып есептелген. Өйткені бұрын бір-бірімен ашық кездеспейтін еді. Ал қазір бәрі заманға сай болады. Той болатын күні қыз арнайы суға түседі. Оған неше түрлі емдік шөптер салынады. Күйеуге шыққалы жатқан қызға мүмкіндігінше ұлттық киім киізеді. Ол «чокхи» деп аталады. Көйлектің етегіне ине тағып, арнайы қолорамал береді. Бұл затты әйел өмір бойы сақтауға міндетті. Өйткені ол жамандықтан және тіл-көзден сақтайды. Сосын жеңелері немесе әкелері қалыңдықтың киімінің арасына бұршақ, жүгері және өріктің сүйегін салады. Бұл да дәстүр бойынша жасылдың нышаны болып саналады екен.

Егер көкөніс сорпасына тауық немесе қаз майы қосылса, ол ет сорпасы болып саналады. Ал егер сорпаға сары май қосатын болса, ол сүтті сорпа болып саналады. Ең көп дайындайтын сорпалары: қымыздық борщ, картоп қосылған бадана сорпасы, кептірілген жемістерден жасалған салқын сорпа. Ал ең танымал ұн тағамдарының бірі – маца. Пасха кезінде еврейлер ашытылған нанның орнына маца жейді. Көкөністерден жасалған тамақты рагу деп атасақ, оларда бұл тағам цимес деп аталады.

Иудаизм дінін ұстанады. Оларда да біздегідей сүндету рәсімі сақталып келеді. Еврей заңдарына сәйкес ұлын әкесі сүндетке отырғызады екен. Бұл рәсім балаға «барух хаба» («келушіге бата берілді») деп сөлемдесуден басталып, баланың денсаулығы үшін дұға қылумен аяқталады.

«Әр елдің салты басқа» десек те, зерделеп көрсек, бір-біріне ұқсас екенін байқайсыздар. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дейді қазақ. Біздің елімізде 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілі бар: ұйғыр, корей, дүнген, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, армян, әзербайжан, украин, беларус, түрік, шешен және т. б. Олар бір шаңырақта тұтып еңбек етіп, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл қазақ халқының кеңдігін, бірлігін, ұйымшылдығын, ынтымағын білдіреді. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге жетелейтін де біздің ауызбіршілігіміз, татулығымыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы артақ.

Гүлнұр ИХСАНҒАЛИЕВА,
Сағи Жиенбаев атындағы
облыстық жасосірімдер
кітапханашысы
Ақтобе қаласы

71 ЖАСТАҒЫ ЧЕМПИОН

Адам зейнетке шыққаннан кейін нені армандауы мүмкін? Ұзақ өмір сүруді, ауырмауды, саяхаттауды, мүмкін жай ғана тыныш өмірді қалайтын шығар. Бірақ біздің бүгінгі кейіпкеріміздің арманы ерекше.

71 жастағы Ондархан Акбайұлы Әлем чемпионы атануды армандайды. Армандап қана қоймай күн сайын жаттығып, жарыстарға қатысып жүр.

Жақында XIX Asian Armwrestling Championship өтті. 71 жастағы Ондархан Шұлғауов осы чемпионатта алтын медаль жеңіп алды.

Карантин шектеуіне байланысты чемпионат жанкүйерлерсіз өтті. Чемпионат аяқтаған соң ғана жеңімпазбен кездесіп, әңгімелесудің сәті түсті.

Ондархан ата 2017 жылдың 27 желтоқсанында армрестлингтен Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері куәлігін алған. Армрестлинг спортына қалай келгенін Ондархан ата былай баяндап берді.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ КҮНДЕЛІКТІ ӘДЕТКЕ ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫ?

Бала кезден спортқа жақын болдым. Аулада футбол ойнайтынбыз. Мектепте волейбол, баскетбол ойнадық. Аудандық спорт мектебінде күреспен айналыстым.

Кейін әскерге бардым. Ол жерде де физикалық жаттығулар көп болатын. Әскерден кейін Алматыдағы спорт және туризм академиясына оқуға түстім. Балуан Шолақ спорт кешеніне қарама-қарсы ғимаратта оқыдым.

Оқу бітірген соң мектепте мұғалім болып жұмыс істедім. Зейнет жасына келгенше ұстаздық еттім, спорт мектебінде бапкер болдым. Қарап тұрсам, өмір бойы белсенді өмір сүріппін. Үйде де күн сайын жаттығамын. Салауатты өмір салты күнделікті өмір салтына айналып кетті.

Қол күресіне қалай келді?

Семей қаласындағы бір басқосуда қол күрестен балалардың жарысқа дайындалатын Төлеген деген жігітпен таныстым. Бәріміз қол күрестіріп көріп едік, алгі жігіт: «Ата, сіздің қолыңыз қауқарлы екен ғой», – деп қызығушылық танытты. Жақында өтетін жарысқа қатысып көруге ұсыныс білдірді. Содан үш ай дайындалып, облысты, одан кейін Қазақстан чемпионатын ұттым. Сөйтіп армрестлингтен Қазақстанның құрамасына қабылдандым.

Алғашында осы жасқа келгенде жастардың арасында не істеймін деп біраз ыңғайсызданып едім. Сөйтсем, құрамада өзімнен қатарлас азаматтар бар екен.

60–70 жас арасындағылар санатында жарысқа қатысамын. Бізді сениор гранд мастер деп атайды. Жас ерекшелігі мен салмаққа байланысты қатысамыз.

Ең алғаш қатысқан республикалық чемпионат Өскемен қаласында өтті. Одан кейін тағы алты ай дайындалып, 2013 жылы Ташкентте өткен Азия біріншілігінің жеңімпазы атандым.

2015 жылы Малайзияның Куала-Лумпур қаласында өткен чемпионатқа бардым. Бұл чемпионатта III орын алып, қола жүлдеге ие болдым.

Польшада өткен чемпионатқа да қатыстым. Ендігі

жақсы танымал. Бәс тігіп жарысады. Оң қолға бөлек, сол қолға бөлек бәс тігіледі. Мұны супер класс деп атайды екен.

Түрлі чемпионатта жеңімпаз атанып жатқанда көбі таңданыспен қарайды. «Қайдан үйрендіңіз?», «Кім үйретті?» деп жиі сұрайды. Өзім үйрендім десем, сенбей жатады. Сондайда: «Қарағым, бұл спорт қазақтың қанында бар, біз бұрыннан қол күрестіріп, білек күшін



мақсат – Әлем чемпионы атану. Егер Әлем чемпионы атансам, спорттағы карьерамды тоқтатамын деп уәде бергем. Қазір осы мақсатқа жету үшін қызу дайындық жасап жүрмін.

Чемпионатқа дайындық кезінде арнайы бір кәсіби жаттығудан өтпедім. Үйдің ауласына дайындалатын орын дайындап қойдым. Күнделікті сол жерге барып қолымды жаттықтырып жүрмін. Әлі күнге дейін өзім жеке солай дайындаламын.

Армрестлингте қазақта бұрыннан бар

Армрестлинг Қазақстанға кенже келген спорт деп айтылады. Алғаш рет 1992 жылдан бастап жарыстарға қатысқан.

Армрестлинг ресми түрде Америкада пайда болған деп айтылып жүр. Біз бұл спорт түрінің чемпионаттық түріне қатысып жүрміз. Америкада мұның коммерциялық түрі



қатарына енгізсе ғой, Қазақстан құрамасының қоржынына тағы бірнеше алтын медаль түсер еді» деп армандап отырамын.

Әсіресе армрестлингтегі жастарымыз мықты. Венгрияға жарысқа барғанда жастар командасы қарсылас шақ келтірмеді.

Ертілік керек пе, қара күш пе?

Қол күрестіргенде жеңіске жету үшін күш керек пе, әдіс керек пе деп сұрайтындар бар. Қай кезде нақты нені қолдану керектігі жағдайға байланысты деп ойлаймын. Қазақтар «бабың мен бағың қатар шапсын» деп бата беріп жатады ғой. Екеуі қатар келгенде ғана жеңіске жете аласың. Сондықтан қол күрестіргенде жеңіске жету үшін күш те, ептілік те маңызды.

«Ready? Go!» деген команданы естігенде бірден қарсыласыңның қолын алып ұру керек. Осы тұста жылдамдық үлкен рөл атқарады деп айтуға болады. Бірнеше секундқа ғана созылатын жарыста білектің күші, жылдамдық, ептілік, бәрі сығна түседі. Қарсыласыңның екпінмен алып ұруына жол бермеу үшін бар күшінді дер кезінде қолдану керек.

Жарысқа барғанда басқа елден келген қарсыластарымызды зерттеп аламыз. Бірнеше чемпионатта кездескен қарсыластарымыз болды. Қай қолы мықты, қай әдісті жиі қолданатынын бақылап, сұрап, естіп аламыз.

Армрестлингте екі қолға екі түрлі медаль, жүлде тігіледі. Кей спортшының оң қолы, енді бірінің сол қолы епті болуы

мүмкін. Әр чемпионатта екі медаль алуға мүмкіндік бар. Мысалы, осы чемпионатта мен екі алтын медаль алдым. Біреуі оң қолымның еңбегі, екіншісі сол қолымдікі (қулаң). Батырға оң-солы бірдей деп өзара әзілдеп жатамыз.

Баалардың қызығушылығына мән беру керек

Анда-санда жаттығу залына барамын. Бірақ маған таза ауада, аулада дайындалған көбірек ұнайды. Ауылда жас балаларды жинап алып, қол күрестіремін. Олардан үйренетін нәрсеміз бар. Алайда жарысқа дайындап жүрген шәкіртім жоқ.

Адамның спортқа қызығуы табиғатына байланысты деп ойлаймын. Жанында, қанында сондай бір күш-қуат, қайнаған қан болуы керек. Араласатын ортасына, ата-анасының тәрбиесіне де байланысты. Қалада арнайы бір үйірмеге бармаса, үй жағдайында спортпен айналысуға жағдай туа бермейді. Карантин шектеуі кезінде балалар үйге сыймай кетті ғой.

Екі қызым бар. Біреуі Мақаншы ауылында, екіншісі Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Үлкен қызымның алты ұлы бар. Өкініштісі, жиендерімнің спортқа қызығушылығы жоқ. Қазіргі балалар әлжуаз дегенді көп естіп, көріп, байқап жүрміз. Кейде немерелеріме қарап: «Өй, жел соқса, құлап қалайын деп тұрсың ғой», – деп әзілдеп, спортқа баулығым келеді. Бірақ олардың білімге, басқа салаға деген қызығушылығын күнсыздандырып, мен сияқты бол деп айтудан аулақпын.

P.S. Ондархан атаның спорттағы жетістігі, салауатты өмір салтын ұстанатыны ғана емес, бала тәрбиесіне қатысты ойы да өзгелерге үлгі боларлықтай екен. Оның осы жаса Әлем чемпионы болуға деген талпынысы ешқашан ешнәрсе кеш емес деген тұжырымның тағы бір дәлелі іспетті.

Дана МАРАТОВА



БАСҚАТЫРҒЫ (А-ДАН Я-ҒА ДЕЙІН)

БАСҚАТЫРҒЫ (А-дан Я-ға дейін)

→ А	А С Т А Н А		
	АСТАНА РАПИРА		РАМАЗАН ИМАРИ
	АНАКОНДА МИРАС		ЫҚТАСЫН ОРЫНДЫҚ
	АНТОНИМ ДАСТАРҚАН		НАМЫС ТАТАМИ
	ЫСЫРАП ОРКЕСТР		РИТОР АНАПА
	ТАЗА ТРАКТОР		АНАТОМ АПАН
	ОМАРТА ЫНТА		АСПАРА ЗАМАН ПАПАЙЯ
		Я →	




Бұл басқатырғыда әр сөздің ең соңғы екі әрпі келесі сөздің басы болып табылады. Шешуге оңай болу үшін біз бір сөзді орнына қойдық.

Танымдық ойынды құрастырған Қашима МҰҚАЖАН.
Алматы қаласы



10 тамыз,
№32 сандағы
Кроссвордтың
жауабы:



Ойлау

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ КЕТЕТІН УАҚЫТТЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?

Ғаламтор, әлеуметтік желілер, онлайн ойындар аса маңызы жоқ нәрсе болса да, өміріміздің бір бөлшегі. Қанша білін тұрсақ та, уақытымыздың көп бөлігін сол бір маңызы жоқ істерге арнаймыз. Неліктен? Себебі біз өзімізді жеңе алмаймыз. Адамның ең басты құндылығы – жақсы іске кеткен алтын уақыты. Адамның әлсіздігі өзін-өзі жеңе алмауы деп ойлаймын.

«Әлеуметтік желіге кететін уақытты қалай үнемдейміз?» тақырыбы аясында замандастарымын жасырын сұрақ-жауап алған болатынымын.

10-сынып оқушысы:

– Жасыратыны жоқ, әлеуметтік желіні жиі қолданамын. Сабақ үшін, достарыммен сөйлесу және қызығушылықты арттыру мақсатында қолданамын. WhatsApp, Instagram, Telegram, YouTube, Google сынды желілерді қолданамын. 24 сағаттың 6 сағаты кетеді. Қызықты дүниелерге кірген адам шыға алмай қалады ғой. Мысалы, 3 сағатын ізденіс үшін жұмсасам, қалған уақытта басқа дүниелерді көремін. Уақытты тиімді пайдалану үшін желілерді белгілі бір уақыт аралығында пайдаланамын. Түнгі уақытта қолданбауға тырысамын. Нақтырақ айтқанда, түнгі он екіден кейін қарамаймын.

11-сынып оқушысы:

– Телефонда ойын ойнамаймын. Қызық емес. Ойынға құртқан уақытты өмірге, ізденіске жұмсағаным дұрыс деп ойлаймын. Уақыт өткізудің түрі көп. Бірақ ертеңіне керек пайдалы іспен айналысқан дұрыс. Ал әлеуметтік желіні

қажетті ақпаратты іздеуге, көруге және достарыммен сөйлесуге қолданамын. Негізі әлеуметтік желіде көп отыруға да болмайды. Неге десеңіз, ол сені адамдардан алшақтата бастайды.

9-сынып оқушысы:

– Әлеуметтік желі көп уақыт алатыны бәріне белгілі. Оның шырмауына шалынсаң, сабағың да жайына қалады. Өз басым күнделікті әлеуметтік желіні 2-3 сағат пайдаланамын. Одан артық лимитті бұзатын болсам, телефонымды қуаттағышқа қосып, сабағымды оқимын. Барынша жоламауға тырысамын. Сабақ үшін қажет болып жатса, телефон ұстауға себеп ойластырмай, ноутбукты пайдаланамын. Онда Инстаграм секілді желілерге кірмеймін. Хоббиіммен айналысамын немесе жай ғана отбасыммен уақыт өткіземін. Басқаларға кеңесім, әлеуметтік желілерді қолдануға лимит қойыңыздар. Шектеуді бұзып қойған жағдайда, өзіңізді жазаласаңыз болады.

11-сынып оқушысы:

– Иә, 8-9 сағатым телефонмен өтеді, оны жасырмаймын. Барынша тиімді жағына, яғни сабақ қарауға пайдалануға тырысамын. Көбіне Telegram қосымшасын өшіріп отырамын. Себебі ғаламторда досым өте көп. Олармен осы қосымша арқылы сөйлесемін, әңгіме айтамын, ойын ойнаймын, жаңалығымды бөлісіп отырамын. Алайда, Телеграмда отырып сабаққа қарай алмай қаламын, кейде тіпті ұзақ отырып көзім де ауырып кетеді. Бірақ кейде біраз уақыт үнемдейін, тәуелді болмайын деп өшіріп тастаймын. Солай 1-2 апта пайдаланбай, қазір үйреніп кеттім. Дәл қазір қосылып тұр. Себебі өлең тындаймын, кино көремін.

1-курс студенті:

– Әлеуметтік желі қазір біздің мұнымызды, сырымызды ақтаратын орта болды. Күнделікті әлеуметтік желіге 7-8 сағатымды құрттым.



Әрине, бұл өте көп уақыт. Бұл уақыт ішінде көптеген тиімді іспен айналысуға болады. Кітап оқу, іздену дегендей. Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану керек. Әлеуметтің желіні аз қолдану үшін, айналана басқаша көзқараспен қарау керек. Әлеуметтік желі – құрал. Әрбір құралды қалай қолдану кісінің өзіне байланысты.

Байқағаныңыздай, күніміздің көп бөлігі әлеуметтік желілерге арналады екен. Тіпті әлеуметтік желіге деген тәуелділік пайда болуы мүмкін. Меніңше, бұл ғаламдық деңгейдегі дерт секілді. Кейіпкерлеріміз уақыт үнемдеуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады екен.

Ал мен әлеуметтік желілерге кететін уақытымды жоспар құру арқылы басқарамын. Шынымен де күнделікті маңызды істердің жоспарын құру өте пайдалы. Себебі сіздің миыңызда бірінші кезекте жасалуы тиіс жұмыстар қалып қалады. Сол арқылы күніңіз жемісті болады. Достар, сендер өз уақыттарыңды қалай үнемдейсіңдер?

Айнұр АҢЛАМАСОВА,
С.Сейфуллин атындағы
мектептің
11 «Ә» сынып оқушысы.
Жаңатас қаласы
Жамбыл облысы

БАЛТЫҚ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ КІШІ ФУТБОЛДЫҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІГІ



Футзалдан Литвада өткен әлем чемпионаты мәресіне жетті. Жаһанның ең мықты деген жиырма төрт командасы жиналған доп додасында Қазақстан құрамасы үздік төрт команданың қатарына кіріп, бұрын-соңды болмаған тарихи жетістікке қол жеткізді.

КАКАНЫҢ ЖІГІТТЕРІ – НАҒЫЗ ҚАҺАРМАН!

Қазақстан құрамасының бұған дейін азулы Иран құрамасын ширек финалда жеңіп, тұңғыш рет жартылай финалға жолдама алғанын жазғанбыз. Өкініштісі сол, жігіттеріміз жартылай финалда Португалия құрамасымен терезесі тең өнер көрсетіп, ойын соңындағы пенальтиден есе жіберді. Бұл аз болғандай, қола медаль үшін болған ойында әлемнің бес дүркін чемпионы Бразилиядан ұтылып, жүлдеден қағалды. Өттегенайы, жартылай финалда Кака бастаған ойыншыларымыз португалиялықтардан 2:1 есебімен алда тұрып, ойынның аяқталуына бір жарым минут қалғанда таразы басын теңестіріп алды. Дегенмен, жігіттерге өкпе жоқ. Әлемнің ең таңдаулы деген 24 командасы қатысқан жарыста үздік төрттіктің арасынан табылу – кез келген команданың маңдайына жазыла бермейді. Сондықтан осы жеткен жетістігіміздің өзіне қуана білейік. Каканың жігіттері – нағыз қаһарман!

БЕС ЖЫЛ БҰРЫҢЫ ТІЗІМНЕН БЕС-АҚ ОЙЫНШЫ

Қазақстан құрамасы әлем чемпионатына осымен үшінші рет қатысқанын бұған дейін де жазып келдік. Алғаш рет Азияның үздік командасы ретінде барған 2000 жылғы доп додасында Қасымжан Мәдиев бастаған жігіттеріміз топтық кезеңде «таланып», елге ерте қайтқан еді. Одан кейін тура он алты жыл өткенде, яғни 2016 жылы Қазақстан құрамасы өз тарихында екінші рет әлемдік жарысқа жолдама алды. Колумбияда өткен сол допада қазақстандықтар топтан озып, 1/8 финалында Испанияға есе жіберді. Қарап тұрсақ, соңғы бес жылдың ішінде Қазақстан футболының деңгейі қатты өскен. Асыра айтты деменіздер, расында да сондай. Салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, Колумбияда доп тепкен құраманың ішінен биылғы әлем чемпионатына бес-ақ ойыншы барыпты. Атап айтсақ, қақпашы Игита мен алаңдағы ойыншылар – Дәурен Нұрғожин, Шыңғыс Есенаманов, Арнольд Кнауб және Дуглас. Ал қалған жігіттер мұндай әлемдік доданың дәмін алғаш рет татып отыр. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық құраманың бас бапкері Паулу Рикарду немесе жай ғана Кака өте қысқа мерзімде кереметтей команда жасақтап шығарған.

ЕЛІМІЗДІ ФУТЗАЛДЫҢ ЕЛЕСІ КЕЗІП ЖҮР...

Дәурен Нұрғожин, Біржан Оразов, Альберт Ақбалықов, Жомарт Тоқаев, Дәурен Тұрсағұлов, Шыңғыс Есенаманов... Қазір Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да, үш апта бойы кіші футболды қызықтаған жанкүйерлердің аузынан естінің осы жігіттердің есімі. Құрамада жүрген бразилиялық легионерлерден кем түспейтініне қарамағаларымыз әлем чемпионатында анық көзімізді жеткізді. Енді бұл жігіттердің жарқын жеңістері еліміздегі футболдың дамуына үлкен дүмпу әкелетіні сөзсіз. Мұны, әсіресе, спорт басшылары, аяқдоп шаруашылығында жүрген арнайы мамандар аңғарса екен. Футзал – болашақта Олимпиада ойындарына кіруге мүмкіндігі бар спорттың бірі.

біріншілігінде тоғыз команда ғана ойнайды. Олар Алматы, Ақтөбе, Атырау, Нұр-Сұлтан, Рудный, Орал, Талдықорған, Ақтау, Көкшетау сияқты қалалардың командалары. Қарап отырсаңыздар, ел біріншілігінде халқы көп оңтүстіктен бірде-бір команда жоқ. Ал, ең үлкен облыстардың бірінен саналатын Қарағандының кейіп анау – қолда бар алтынның қадірін білмеді.

МИНИ ФУТБОЛДЫҢ МЫҚТЫСЫ – ПОРТУГАЛИЯ

Сөз соңында әлем чемпионатына қайта оралайық. Қазақстан құрамасы Бразилиямен болған ойыннан кейін шешуші бәсекеге Португалия мен Аргентина шықты. Бес жыл бұрын Колумбияда әлем чемпионы атанған аргентиналықтар биыл да сол биіктен көрінуге бас күшін салып еді.



Сондықтан қазірден бастап әр өңірде футболды дамытуға арналған арнайы бағдарлама жасап, оны Үкімет деңгейінде қолға алса дейміз. Әсіресе, балалар спортында үлкен футбол мен мини футболдың шекарасын сызып, тек қана футболдың қыр-сырын меңгертсе, ертеңгі күні Тұрсағұлов, Тоқаев, Оразов сияқтылар көптеп шығатыны анық. Айтпақшы, бес жыл бұрын Ұлттық құраманың негізін құраған, талай талантқа жол ашқан Қарағандының «Тұлпар» клубы қаржы таппай, ақыры жабылып тынды. Қазір кіші футболдан өтетін ел

Алайда, Рикардиньо бастаған Португалия құрамасы Аргентинаға алдырған жоқ. Ойын 2:1 есебімен Португалияның пайдасына шешілді. Осылайша, олар әлем чемпионатында тұңғыш рет топ жарды. Португалиялықтар – әлем чемпионатының тарихында жеңімпаз атанған төртінші команда. 1989 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан мундиальда Бразилия, Испания, Аргентина ғана жеңістің ең биік шыңына көтерілді. Бразилия бес мәрте ешкімге дес бермеді. Испанияның екі рет қанжығасы майланды. Аргентина бір рет жеңімпаз.



Игита, қақпашы: Қазақстанда футболға деген қызығушылық бес жылдан бері өсіп келеді – Бразилиямен үшінші орын үшін өткен кездесу туралы айтсақ. Бұл ойын ерекше болғаны түсінікті ғой.

Кез келген секундта сүрінуің мүмкін.
– Португалиямен кездесудегі пенальти сериясында соңғы соққыны қайтаруға Рауан Атангаев шықты. Мұның себебі неде?
– Өйткені ол 10 күн пенальти қайтаруға дайындалды. Мен мүлдем жаттыққан жоқпын. Қарсылас мені әбден зерттеп алды. Сондықтан өзгеріс жасау керек болды. Біздің де өз стратегиямыз бар. Бір қақпашы 6 метрді қайтаруға, екіншісі 10 метрді қайтаруға көбірек жаттығады.
– Қазақстанда футболға қызығушылық артып келе жатқаны байқала ма?
– Футзалға қызығушылық 5 жыл бұрын басталды. Осы әлем чемпионатынан кейін жаңа мектептер ашылып, жаңа ойыншылар көбейде деп ойлаймын. Бәсекелестік барлық деңгейде болуы тиіс. Қалалық, облыстық, республикалық чемпионаттың бәрінде керек.
Жекелеген номинациялар бойынша Қазақстан ойыншылары үздіктер қатарына енді.
Қазақстан құрамасы – FIFA Fair Play жүлдесінің иегері;
Тайнан – қола бутсының иегері (мергендер тізімінде үшінші орын, 6 гол);
Дуглас Жунниор – Қола доп иегері (әлем чемпионатының үздік ойыншыларында үшінші орын).
Қазақстан құрамасының бомбардирлері:
6 – Тайнан («Эль-Посо», Испания)
4 – Дуглас («Қайрат»)
3 – Тұрсағұлов («Қайрат»)
2 – Кнауб («Ақтөбе»), Нұрғожин («Қайрат»).



Балғын бояу

Алматы қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы мектепте бейнелеу пәнінен сабақ беретін Айман Шынжырбаева редакциямызға оқушылары салған бір топ суретті жолдапты. Айман апайдың шәкірттері талантты екен. Жұмыстары бірінен бірі өтеді. Бояуы қанық. Бүгін жас суретшілердің алтын күзді бейнелеген картиналарын ұсынып отырмыз.



София НИКОЛАЕВА




Зера ЕРФАЛИ



Інжу ОСПАН




Мира ДАУЕНОВА



Айя МАМЫТ



Жанель БЕКЕТБАЕВА



Медина МАВЛЕН



Ақбота ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ



Данель БЕКЕТБАЕВА



Дайана САПАРАЛИ



Айша ПАЗЫЛХАН

УЛАН



Құрылтайшы –
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің
төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕВ

Бас редактор
Жадыра НАРМАХАНОВА

Газет 6 жастан жоғары
балаларға арналған

Бас редактордың
орынбасары
Жұлдыз ӘБДИЛДА

Жауапты хатшы
Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА

Корректор
Сәуле ҮКЕНОВА

Көркемдеуші-дизайнер
Дария ТАЛАПОВА

Редакция алқасы
Алма ҮМБЕТТЕГІ
Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

Веб-редактор
Жандарбек ЖҰМАҒҰЛОВ

Тілшілер
Нұрлыхан ЖҰМАХАН

Немірдің кезекшісі
Жадыра НАРМАХАНОВА

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция
кезқарасын білдірмейді.

Жарияланған суреттердің
сапасына редакция жауап береді.

Редакцияға түскен
қолжазба авторға
қайтарылмайды.

«Уланда» жарияланған мақала
көшіріліп басылса,
сілтеме жасалуы міндетті.

Мекен-жайымыз:
**050013, Алматы қаласы,
Желтоқсан көшесі, 175-үй,
300, 322-бөлмелер.**

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде 15.03.2006ж.
тіркеліп, №7026-Г куәлігі берілді.

Газет алтасына бір рет шығады.
Талсырыс №41-41
Көлемі 4 баспа табақ,
Индексі – 65355

Газет «Дәуір» РПБК ЖШС
баспаханасында басылды.
050002, Алматы қаласы,
Ш.Қалдаяқов көшесі, 17
тел: 273-50-53

ТАРАЛЫМЫ –
5000

Тел. 8 (727) 220-76-41

E-mail: npulan@mail.ru